

ЖАРКЕНТ



Айнасы

№3 (26), 14 ақпан, жұма, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

ОРБҰЛАҚ – ЕЛ ЖАДЫНА ЖАЗЫЛҒАН ТАРИХ



Елім десе елегізіп, елендеп, жұртым десе жұдырықтай жұмыр жүрегі жарылатындай болып жүретін жерлестеріміздің сенімдеріне селкеу түсірген «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан Қ.Жұмаділовтің мақаласы тұнығымызға тас лақтырғандай күйге түсірді.

Жерлестерім деп отырғаным ежелгі Жетісуды жайлаған үйсіндердің ұрпағы суандар ғана емес, жұмыр жердің жер ұйығы аталып отырған үш жүздің ұл-қызы мен өзге ұлттың өкілдері де мекендеп отырған Жаркенттің байырғы тұрғындары, менің тілектестерім, ниеттестерімді айтамын. Мақала баршамызбілетін қазақтың киелі жерлерінің санатына кірген, Жаркент жұрты жат жұрттың жауларға қарсы ата-бабаларының қаны төгіліп, сүйегі қалған қасиетті әрі ерлікке тағзым етіп жүрген Орбұлақтан басталыпты.

Тарих табанымыздың астында жатыр. Оны тауып, танып, сөйлете біліп, бүгінгі ұрпағымыздың жадына жазып қалдыру біздің мәдениетіміздің жоғары болуын талап етеді. Академик Манаш Қозыбаев «Негізінде әрбір тарихи оқиға, тарихи факт, тарихи тұлға үш деректер арқылы мойындалады. Ол бірінші – халықтың мойындауы, екінші – тарихи дәлелдердің сәйкестігі, үшінші – мемлекет тұрғысынан мойындалуы» деген тұжырымы осы Орбұлақ шайқасының төңірегіндегі тарихи таластың характерін ашып беріп тұрғандай. «Орбұлақ шайқасы» деген тарихта болған емес» атты мақаланың авторының шығармашылық қарым-қабілетіне, еңбекқорлығына шек келтіруден аулақпын. Қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне қосқан өзіндік үлесі де мол. Дегенмен, Орбұлақ шайқасына қатысты мақаласындағы ойларының қисыны келмейтініне өз уәжімді тарихи деректер негізінде дәлелдеп көрсеткім келеді.

«Төскейде малы, төсекте басы» қосылған, көршілес жатқан Ойрат пен Қазақ хандығының арасындағы жан алып, жан беріскен соғыс үздік-создық жүз жылдан астам уақытқа созылған.

Жаркент өңіріне жақын жатқан қалмақтармен көп ұрысқан біздің ата-бабаларымыздың жасаған ерліктері ел арасында жоғалып, ұмытылып кетпей

осы күнге дейін жетіп, ұрпақтарына бір-бір рудың атын алып беріп отыр. XVII ғасырдың аяғында Елтінді батыр, Ұзын мұрт Ұзақ батыр, Жәңгір хан басқарып, көзсіз ерлік көрсеткен Орбұлақ атанған жер атауы да қарапайым халықтың аузында айтылып бізге жеткен тарих. Басқа да ерлігі елден асқан XVIII ғасырдағы Аралбай, Бағай, Сағай, Бөлек тағы басқа батырлар есімін ел ұмытпақ емес. Себебі аңыз түбі ақиқат. Ел арасында айтылып, жұртымыз қостап жүрген ежелгі кездердегі батырларымыздың ерлігі жайлы әңгімелер соңғы жылдардағы табылып, жарыққа шығып жатқан архивтік деректермен дәлелденіп, толықтырылып, салыстырылып болған оқиғалардың шындыққа сай екендігін ашып беріп отыр. Кейінгі жылдарда бұрын аңыз, ертегі, халық арасындағы сөзге шебер адамдар құрастырған екен делінетін халық ауыз әдебиетінің нұсқаларының түп төркіні тарихта өткен, болған оқиғаларды мензейтіні айтылып, жазылыпта жүр. Халық арасында, оның ішінде қазақ жұртының өкілдеріндей есте сақтау қабілеті өте жоғары адамдар жоқ деседе болғандай. «Қырымның қырық» батырын жаңылмай, жағы талмай жырлаған атақты Мұрын жырау, тіпті өткен ғасырларды қойып, бергінде алпысыншы жылдары қасында отырып оннан астам жыр-дастандарды жатқа айтатын Жаланаптағы (Кеген ауданы) Нұрақын Қасымбекұлының есте сақтау қабілетіне айран асыр боласыз. Мына кейінгілер орыстарға ұқсап жазба жүзінде құжат қалдырмадың деп таласатын болды, бірдеңе қалдырмадың деп деп аталарымызға қалай кінә артамыз, құлақтарыңа құйып жадыларыңа жазып кеттік, одан артық не істеуіміз керек десе ше?

Халқымыздың өткен өмір жолындағы қиын кезіндегі еркіндігін қорғап қалу үшін жан таласқа түскен ұрысты, елдің жадына жазылып қалған құнды деректерді, орыстың архивтерінде сақталған мәліметтермен салыстырып, көптеген жылдар бойы өзі туып өскен жеріндегі Қосқолаң тауының қойнау-қойнауын аралап жүріп Ордың бұлағын, ол жердегі адам қолымен қазылған орды көріп, жайдан-жай қолденеңдей екі тау арасын бөліп

жатпағанын, бұл жерде әйтеуір бір қатты ұрыс болғандығын бағамдаған жазушыға алғыстан басқа айтарыңыз бар ма?

Белжайлаудағы «Қызылқия», «Жалаулы», «Ордың бұлағы» деген атаулардың бар екендігін, тау арасында беленде қазақ-қалмақ арасында сұрапыл ұрыс өткенін ол туралы әлі күнге дейін осы өңірдің жас пен көрісінің аузынан түспей айтылып келе жатқанын жазушы Бексұлтан Нұржекеев 1984 жылы Жетісу жайында жазған «Өзендер өрнектеген өлке» кітабында жазады. Бұл еңбекте «Жергілікті жұрт ол араны әлі күнге дейін «Ордың бұлағы» деп атайды» (аталған кітаптың 86-беті) дей келе, қалмақтарды күтіп алатын ордың орнының қазіргі күнге дейін сұрлеу жолдай болып жіңішке белдеу болып жатқанын келтіреді. Жазушы сол 80 жылдардың өзінде 1643 жылдың жаз айындағы қазақ-қалмақ соғысы Қосқолаң тауындағы Ордың бұлағында өткендігін, Батур контайшының елу мың қолына Жәңгір хан бастаған алты жүздей сарбаздың жер ыңғайын өте шебер пайдаланып, ор қазып, күтіп алып, көмекке келген Жалаңтөс батырдың әскерімен қосылып, күйрете соққы беріп, шегіндіргенін баяндайды.

Қ.Жұмаділов ағамыз сенімсіздікпен қарап отырған Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп тұқияннан өзіме шейін» кітабы араға тоғыз жыл салып барып 1993 жылы жарыққа шықты. Жоңғар қақпасынан Жаркент аймағына дейінгі алтын алқаптың тарихын тірнектеп жиып, тізбектеп талдаған Б. Нұржекеевтің «Өзендер өрнектеген өлке» кітабына пікір жазған қазақтың ардақты азаматы, тарих ғылымының докторы, кейіннен Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Кеңес Нұрпейісов. Қазақ халқының арғы заманнан бастап кеңестік дәуірдегі тарихын түгендей алған осы ғалым жазушының еңбегін оқып шығып, пікір жазып қол қоюы, 1643 жылғы шайқастың Қарқара (Кеген ауданына қарасты) асуында емес, Панфилов ауданындағы Жаркенттен күншілік жерде жатқан Орбұлақта өткендігін мақұлдағаны ғой.

(Жалғасы 4-5 бетте)

ТАНДЫРДЫҢ ТОПЫРАҒЫ

Кешқұрым шакекен деймін... Есікалдындағы қос қайыңның саясы. Жерге су шашылып, мұқият сыпырылған. Дымқыл топырақтың жағымды иісі мұрынды қытықтайды. Киіз төселген. Үстінде бірнеше қабат көрпе. Төртеде бір-екі жастықты қос-қабаттай қолтығына басып, бір қырымен атам жатыр. Ортада – аппақ гүлді дастархан жайылған жозы. Үсті толы туралған тандыр нан. Бір-екі жерде кәмпит-сәмпитке толы тәрелке. Күлхай әпкем екі иығынан дем алып, буы бұрқыраған самаурынды көтеріп келеді. Рысхан тәтем сақыр-сұқыр еткізіп кеселерді жуып отыр. Әсия қарындасымы оларды бірінен соң бірін іліп алып, орамалмен сүртіп кептіруде. Бірнәрсені тақ-түк еткен жаққа назар салсам, Жұмабай інім қасықпен жозының шетін соққылап отыр. Тәрелкесіне тезірек ас құюын асыға күткен түрі, шамасы. Менің де қарным ашқан сияқты. «Апа, апа-ау, тамақ қаша-аң...» деймін дегбірсіздене.

– Қазір, қазір, мінеки дайын...
Қазандық жақтан жүре сөйлеген апам да көрінді. Бойы тіп-тік. Қолындағы кеспе көже толы көк кәстрөлді еркін көтеріп келеді. «Өй, апам еңкейіңкіреп жүрмеуші ме еді?». Таңырқай қарап қалыппын. Бағғы ширақ жүріс-тұрысы. Келісімен шөмішті ала салып алдымен атамның, сонан соң інім екеуіміздің табақтарымызға тамақ құя бастады. «Қарындарың ашып қалды ма, күшіктерің?» деп жымынып қояды. Күлімсірегенде аққубалау өңі айрықша нұрланып кетеді. Қоңырқай қой көздерімен жан-жағына мейірлене қарайды. Мұндайда екі беті мен сәл дөңестеу қыр мұрнының үстіндегі көрінер-көрінбес сансыз секпілдерінің өзінен де мейірім шуағы шашырап тұрғандай сезіледі. Басында – зерлі қимешегі. Сыртынан ақ жаулық тартқан. Самай тұсынан екі-үш тал ақшулан шашы ағараңдайды. «Ал іше ғой, іш!» деп ұсынған қасығын қолыма ала бергенде... оянып кеттім де бір сәт есенгіреп отырып қалдым.

X X X

Ой, Алла-ай! Дәл өнімдегідей. Тура тірі кезіндегі қамқор қалпы. «Е-е, әуағымен желеп-жебеп жүрген шығар» деп ойладым ұйқылы-ояу күйі жақсы ырымға жорып. Терезеге қарасам, жарық түсе бастаған екен. Таң сәулесі сырттағы қараңғылықты ғана емес, көзге тығылған ұйқыны да серпіп жіберді.

Бірақ, көрген түсім көңілімнен кетер емес. «Күшіктерің» деп қояды, ә?!» деймін күбірлеп. Көзі тірісінде кейде «Бір күні түсімде екі омырауымды екі күшік сорпылдатып еміп жатыр екен. Шошып оянып, енеме айтқанымда: «Енді екі ұлды болады екенсің» деген... Сол күшіктерің екеуің ғой» деп отыратын інім екеуімізге.

Әсілі, апам – көп құрсақ көтерген ана. Әжеміз Бисәлімнің де төрт ұл, бір қызы болған екен. Апам да тұңғышы Жамалқан тәтемен кейін төрт ұлды бірінен кейін бірін дүниеге әкеліпті. Алайда, алды ес біліп, арты аяқтарын апыл-тапыл басып жүргенде бас-аяғы екі-үш күннің ішінде төртеуі де бірінің соңынан бірі белгісіз дерттен көз жұмыпты. Өткен ғасырдың қыркыншы жылдарының орта шенінде арғы бетте – Қытайда болған оқиға ғой бұл. Емшілер де дөп басып ештеме айта алмапты. «О-о, Зейнеш тура енесінің ізін басты» деп сыпсындаушы еді тұқымың өскірлер. Солардың сұғы өтіп кетті ме, білмедім?» деп қамығатын. Содан өзінің айтуынша жылдай-жылдай қайғыдан қатты азып, «ку жан, төрт тағаны» қалыпты. Жанарына ақ түскен. (Оның зардабын бертіңге дейін көп тартқанын біз де көргеміз. Күнде кешкінің көзіне бірде шайдың самасын тартып, біресе дәрі тамызып әуреленетін де жататын. Кейінірек «Әлгі бір емші қарлығаштың құмалағын үгітіп қосқан сумен үшкірген соң ғана тәуір бола бастадым» деген.) Тек араға үш-төрт жыл салып Күлхай, одан соң «союзға» өте салысымен Рысқан туған соң еңсесі көтеріле бастапты. Ал, Құдай ондап отбасына ініміз екеуіміз қосылғалы орта көңілі толыпты, төрт құбыласы түгенделіпті. Бұл ақиқатында да әлгіндей түс көріп, оны енесі оң жорығаннан кейін болған нәсіп па, жоқ па, ол бір Аллаға ғана аян.

«Қалыңұрымның (жастай қайтыс болған ұлының бірі) түрі тура сен сияқты еді...» деп қоятын анда-санда ойға батып. Баламыз ғой, кейде жасы үлкендер жәбірленгенде «Шіркі-ін, сол ағаларым тірі болғанда мыналардың әкесін танытар еді...» деп мен де қиялға ерік беретінмін. Дегенмен, тете өскен еркешора тәтем олардың орнын көп жоқтатпады. Бірде туысканымыздың ересек баласымен жағаласып жатқам. Көшедегі колонкадан екі шелек су әкеле жатқан Рысқанның көзі шалып қалыпты. Иығындағы әкпішті қолына ала салып әлгіге тұра ұмтылды. Бес-алты қадам ұзатпай-ақ қуып жетіп, жоталата салып-салып жіберді. Етпетінен түскен «ердің» жан даусы шықты. «Тиісесің бе, енді ініме?!» тепсініп тұрған тәтемің алдында еркелеген итке құсап шалқасынан аунап жата қалды. Аяқ-қолдарын ербедетіп «Жок!», «Жок!» деп баж-баж етеді. Сасқанынан біресе «Ағатай», біресе «Тәтетай... ұрмашы» деп жалынады.

(Жалғасы 6-7 бетте)

Әлемнің екінші ұстазы



Жаркент қаласында Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп кітапханашылары А.Қайрбекова мен М.Абдиқаримованың ұйымдастыруымен «Әлемнің екінші ұстазы» атты конференция өткізілді. Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философ – Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына орай оқушыларға ұлы ойшылдың өмірі, туған жері, өлеңдері мен ғылыми еңбектері туралы білімдерін толықтыру мақсатында өтілген іс-шараға жоғарғы сынып оқушылар қатысты.

Кітапханашы М. Абдиқаримова «Әл – Фараби – ғұлама ғалым» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

7-8 сынып оқушылары К.Құрманғали «Ғұлама ғалым шығармашылығы», Э.Несіпбай «Әл-Фарабидің философиялық

еңбектері», Ж.Қанат «Әл-Фараби мен Абай шығармаларының үндестігі» тақырыбында зерделеу жұмыстарын оқыды. 6 сынып оқушылары Е.Арын «Қашықтасың туған жер», Омар Мейірбек «Бауырын қанша сүйгенмен», Мәулет Әбілмансұр «Тамылжып бал тыныштық» атты өлеңдерін нақышына келтіреп айтып өтті.

Кеш соңында мектеп директоры А.Дарубаева қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтарының бірі де бірегейі бүкіл араб-парсы мәдениетін менгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза білген, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырған Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жылдық мерейтойына орай өткізілген кешке белсене қатысқан оқушыларға рахмет айтып, алғыс хат табыстады.

Әбу Насыр әл-Фараби Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған, батыс пен шығысты білімімен бас идірген ғұлама ғалым.

«Отырар кітапханасының мол қорынан сусындап өскен. Тіл үйренуге жастай көңіл қойған. Араб тарихшысы ибн Халликан «әл-Фараби 70-ке жуық тіл білген» деп жазып қалдырған.

Кітапханашылардың ұйымдастыруымен өткізілген шараның бүгінгі ұрпаққа берері мол болды.



Ерлігі елге өнеге

14 ақпан күні Головацкий атындағы орта мектепте 8 «Ә» сынып жетекшісі Ж.Тезекбаеваның ұйымдастыруымен «Ерлігі елге өнеге» атты кездесу кеші өткізілді. Кешке ауған соғысының ардагері Серғазиев Даулет қатысты.

Кеш барысында ауылымызда тұратын ауған ардагерлері Шамиев Тұрсын, Вайтов Шухрат, Серғазиев Даулеттердің отбасына барып, сонау ауған елінде өмір мен өлім белдескен қанды шайқасына қатысқан жерлеріміздің ерен ерлігі туралы бейне көрніс және ауған соғысы туралы оқушыларға деректі фильмдерден үзінді көрсетілді. Ауған соғысының ақиқаты туралы баяндама, «Ауған асуында от кешкендер» атты кітап көрмесі және оқушылардың дайындаған әдеби монтажи көремендерге үлкен әсерін берді. Мектептің музыка пәнінің мұғалімі Н.Қастеев «Госпада офицеры»,

Бастауыш сынып мұғалімі А.Токсанбаеваның «Көкке өрле», Болат Айнара мен Рақымжан Айшаның «Ауғанстан» атты парюиттық әндері айтылып, ардагерлеріміздің көңілін бір көтеріп тастады.

Кеш соңында Мектеп директоры М.Туғанбаев оқушыларға ауған соғысы туралы біраз мәлімет айтып, ардагерлерімізге бейбіт өмірде қуаныштарыңыз көп болсын деп жүрек жарды тілегін жеткізді. Мерекелік кеш соңы ауған ардагерлердің құрметіне оқушылар арасында волейболдан турнир өткізілді.

Бұл өткен кездесудің тәрбиелік мәні, оқушыларға берері мол болды. Ардагерлеріміз арамьзда аман-есен жүре берсін деген тілек тілейміз.

Ш. ТҮГЕЛБАЕВА,
Головацкий атындағы орта мектеп кітапханашысы.

ҰЛЫЛЫҚҚА ТАҒЗЫМ



Жерұйық ауылындағы «Нағарашы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Адамзаттың алыбы – хакім Абай» тақырыбында жұмыстар жүргізілуде. Ұлы тұлғаға арналған іс-шаралардың уақтылы және өз деңгейінде өтуін мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары Байсеркеев Ерназар Нұржанұлы қадағалап, басшылық етуде.

Күні кеше «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін...» тақырыбында 5-10 сынып оқушылары арасында әдеби сазды кеш өткізілді. Кешті оқушылар Абайдың «Жүрегімің түбіне терең бойла...» атты өлең жолдарымен бастай отырып, өнер-білім, ғылым тақырыптарында жазылған өлеңдерін нақышына келтіре мәнгерлеп оқыды. Әдеби сазды кештің мазмұнды,

мағыналы өтуіне ат салысқан қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Д.Шайзатова, Ж.Мейірманова, М.Епекова үлкен шығармашылық ізденістерін көрсетті.

Сонымен қатар, мектепте «Абайды тану – өзінді тану» тақырыбында бұрыш жасалып, мектеп кітапханашысы Р.Найманбаеваның ұйымдастыруымен сахналық қойылым, акын өмірінен слайдтар көрсетілді. Оқушылардың шығаруымен «Бала Абайға ат қою», «Әжесінің алдында жатып ертегі тыңдауы», «Бөкейден бата алу» сәттері көрерменге ерекше әсер қалдырды.

Бұл шарада балалар өлмейтұғын артына сөз қалдырған қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғасы Абай Құнанбайұлының шығармашылығының рухани мөлдір бұлағымен сусындағандай болды. Әдеби-сазды кеште оқушылар музыканың ырғағымен акынның қара сөздерінен үзінділер оқыды. Сондай-ақ, Абай әндері шырқалды. Бұл кештің ұлы акынның өмірінен ұлағат ала білуге, ұлылығын сезініп, өзімізге ғибратты өнеге алуға танымдық ықпалы зор болды. Әдеби-сазды кешке қатысқандар адамдықтың әліппесінен нәр алғандай, әлемінен сөз құдіретін ұғынып, керемет әсерге бөленді.

Иә, өйткені, бүгінгі таңда өзімізге қажетті сұрақтың бәріне жауапты Абай атамьздың шығармашылығынан табатынымыз анық.

Тоғжан НҮРҒАЛИҚЫЗЫ,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.
Жерұйық ауылы.



Әр өлеңі – бір әлем



Жақында Головацкий атындағы орта мектептің кітапханашыларының ұйымдастыруымен Абай атындағы сыйлықтың иегері, ақиық акын М.Мақатаевтың туған күніне «Әр өлеңі – бір әлем» әдеби-сазды жыр кешін ұйымдастырды. Қазақ поэзиясының қанатының кеңге жаюына қайталанбас зор үлес қосқан, жыр әлемінің жарық жұлдыздары бірі М.Мақатаевтың жауһар жырларын оқушыларымыз Шыңғыс, Ерасыл, Нұрасыл, Нұрым, Айзат, Еркебұлан, Әмина, Гүлім, ана тілімізде айтса Жансая, Айжан, Әлихан, ағылшын тілінде, Аружан, Арайлым орыс тілінде айтып, әдеби тілмен жеткізе білді. Мектебіміздің мақтанышы 11 сынып оқушысы Байраш Гүлсім акынның 6 поэмасын, 67 өлеңін жатқа біледі. Осы кеште «1941 жыл. Ақпан» өлеңін айтып берді.

8 сынып оқушыларының Мұқағалидің балалық шағынан көрініс көрсетті. Болат Айнара «Есіңе мені алғайсың», Н.Қастеев «Мен де ойла», Айжан Токсанбаева «Жас қайың», Қастеева Құлмария «Қарасазым», 5 «а» сынып оқушыларының орындауында «Көгершіндер әні айтылып, көрермендердің көңілінен шықты

Кеш соңында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Қазбек Қызыбекұлы М.Мақатаевтың өшпес өлеңдеріне насихаттау барысында өткен жыр кешінің бүгінгі ұрпаққа берері көп екенін айтты.

Ешкім сендей көсілтіп жаза алмаған,

Ешкім сендей есілтіп айта алмаған.

Ешкім сендей қазақтың қара өлеңін,

Шекпен жауып өзіне қайтармаған, – деп ақындарымыз жырлағандай М.Мақатаевтың жырлары жыл керуені алға жылжыған сайын, жарық жұлдыздардай сәулесін шашып, ұрпақтан-ұрпаққа таралып, өз оқырмандарын табатыны сөзсіз.

Ш. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ,
Головацкий ауылы.



Шабдан Байбатшаев
(1895-1972)

Жаркент өңірінде еліне еңбегі сіңген, есімдерін ауылдастары әрқашан ардақтап атап, еске алып жүретін аға буын азаматтар аз емес. Солардың қатарында Панфилов ауданындағы Аққұдық ауылында туып, ержетіп, еліміздің бірнеше облыс, аудандарында халыққа адал еңбек еткен Шабдан Байбатшаев пен оның інісі, білікті ұстаз болған Қизаттың да есімдері жиі аталады.

Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарында қызмет істеп, артында айшықты із қалдырған Шабдан Байбатшаевтың туғанына 2006 жылы 110 жыл, інісі Қизаттың туғанына 100 жыл толады. Соған байланысты олардың ұрпақтары мен ауылдастары Аққұдық ауылындағы Ш. Байбатшаев атындағы орта мектепте мұражай ашып, оларды еске алып, есімдерін ұрпаққа ұлағаттауды мақсат еткен.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды», - деген халқымыздың ұрпағын иман, шарапатқа шақыратын нақыл сөзінің төркіні де өткенге салауат айтып, жақсылығын тірілерге үлгі етуі болса керек. Ендеше халқы ардақтаған азаматтың тіршілігінде тындырған ісін тағы бір еске алғанның артықтығы болмас.

Шабдан Байбатшаев 1896 жылы Жаркент уезіне қарасты Аққұдық ауылында Байбатша Бектенұлы мен Байтұмақ Толымбекқызы есімді кедей шаруаның отбасында өмірге келген. Ол еңбек жолын 16 жасқа толғанда көршілес Көктал ауылындағы ірі орыс шаруасы Матвей Болдыревқа жалданумен бастайды. Жасы жиырмаға жеткенде ақ патша тақтан құлатылып, қызыл төңкеріс толқыны жырақтағы Жаркент өңірін де камтиды. Бұл кезде бүкіл Жетісу губерниясындағы Жаркент уезінде де ақ пен қызыл таласып, бірде болшевиктер, бірде ақ казактар билік басына келіп, үстемдік алмасқан төтенше жағдай орнады. Ақыры ақ казактар Қытай жеріне шекара асырыла қуылды. Сөйтіп 1919 жылдың екінші жартысында Жаркент уездік, өңірдегі болыстық, ауылдық, революциялық комитеттер құрыла бастады. Өсек ревкомының құрамына осында бұрыннан бар Суанның Тоқарыстан, Тұрдымбет болыстықтары және Көктал ауылы енді.

Ол кездегі уақыт талабы қатал еді. Аудандық ревкомдар білек сыбана іске кірісті. Тұрдымбет ауылдық ревкомына болыстық міндетін атқарушы болып Байқоныс Қоңқашев тағайындалды. Ревкомның кезек күттірмейтін басты міндеті – Қызыл Армияны азық – түлікпен, көлікпен қамтамасыз ету болатын. Алайда, бұл науқан Байқоныс басқаратын Тұрдымбет ауылдық ревкомында кібіртіктеп жөнді жолға түспеді. Соған байланысты бір күні Жаркент уездік ревкомының

САЛҚАР ДАЛАНЫҢ САРДАР ҰЛЫ

әкімшілік бөлімінің бастығы Баркин Шабданды Өсек болыстық ревкомына шақыртып алып, Тұрдымбет ауылдық ревкомына төраға етіп тағайындады. Бұл кезде келесі 1920 жылдың егін егу жұмыстарына әзірлік жасалып жатқан. Егін егу науқанына басшылық жасайтын уездік, болыстық, ауылдық бестіктер құрылды. Олардың жұмысын үйлестіріп отыру ревком басшыларына жүктелді. Бір жерде ерте, бір жерде кеш болса да межелеген мөлшерде егін егілді. Сол жылы ауа райы қолайлы жай танытып, өнім де күткен мөлшерден едәуір мол жиналды. Тұрдымбет ауылдық ревкомының жаңа басшысы Шабдан Байбатшаұлы өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен жоғарыдағылардың көзіне түсті. Бірер жылдан соң Жаркент уезіндегі Өсек болыстық атқару комитетінің төрағасы, Ынталы, Қоңырөлең болыстарында милиция бастығы қызметіне жоғарылатылады.

Ол қайда да жүрсе де сол бір өтпелі кезеңде қарауындағы халқының мүмкіндігінше аз қиналып, өсіп, өркендеуіне күш – жігерін жұмсады. Сол жылдарда туған жерінде атқарған жұмыстарынан қалған бір белгі – 1923 жылы Аққұдық ауылында өзінің ұйымдастырушымен салынған 90 орынды мектеп, қазір де жас ұрпақ тәрбиесіне қызмет етіп тұр. Бұл мектепке жергілікті халықтың сұрауымен 1998 жылы Шабдан Байбатшаевтың есімі берілген.

1930 жылы Шабдан Алматы облысындағы Кеген ауданында милиция бастығы, одан кейін тергеуші, халық соты қызметтерін атқарды. Бірер жылдан соң өз білімін жоғарылату қажеттігіне көзі жеткен ол қызметінен өз еркімен босанып, Алматы қаласына қоныс аударып, осындағы жаңадан ашылған Ауылшаруашылық жоғары мектебін тамамдады. Жамбыл облысына қызметке жіберіледі. Осы өңірде 30 жылға жуық еңбек етіп, көптеген ірі шаруашылықтардың ұйымдастырушысы және жетекшісі болған. Мысалы Сарысу ауданында Шәкеңнің бастамасымен көлемі 6 миллион текше метр «Ынталы» су қоймасы салынды. Бетпақдала мен Мойынкүмді игеруде сол кездегі белгілі ғалым, КСРО ауылшаруашылық ғылым академиясының қазақ бөлімінің жетекшісі Кәрім Мыңбаевтың қолдауымен Сарысу ауданындағы Шабақты өзеніне бөгет салынды. 1948 жылы бөгетке 6 миллион текше метр су жиналды. Сөйтіп, алдын – ала әзірленген арықтар арқылы аудандағы 16 шаруашылықтың егіс даласы мен елді мекендеріне су жіберілді. Соның нәтижесінде Мойынкүм, Бетпақдаладағы қыстаулар жем – шөппен толық қамтамасыз етіліп, бұл өңірде мал саны күрт өсті.

Шабдан Байбатшаев басқарған Жамбыл, Сарысу, Талас аудандарында, Каратау қаласында көптеген мекеме, мектеп тұрғын үйлердің салынуына, халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайының жақсаруына басшының ұйымдастырушылық шеберлігі себепкер болды. Соның айғағы 2003 жылы Тараз қаласында басылып шыққан «Шежірелі Сарысу» кітабында Шәкеңнің елге сіңірген еңбегіне мынандай жоғары баға берілген. «Ауданда сырттан келген қайсы бір басшылар әкімгершіліктен басқа елдің есінде қаларлықтай күрделі ештеңе атқарған жоқ. Олар елдің болашағын ойлаудан гөрі жоспардың орындалуын талап етті. Жоспарды орындау мүмкіндігі бар жерге қолындағы билікті пайдаланып, күш көрсетуден тайынған жоқ. Жақсылығынан жамандығы басым ондай басшыларды ел кейін есіне ала бермейді. Ал Шабдан Байбатшаев олардың бәрінен ерекше аталады. Көбісінен оның азаматтық тұлғасы әлдеқайда биік тұрды. Ол жөнінде көзкөрген қариялар үнемі сүйсіне әңгімелеп отыратын. Ол сырттан келсе де «Мен ертең кетемін. Маған бәрібір», - деген жоқ. Өңір болашағын ауданның бел баласындай ойлады, артында із қалдырып кетті. Ең алдымен оның 1946 жылы аудандағы жастарға жасаған әкелік қамқорлығы естен кетпейді. Ол он жылдықты бітірген жастарды жинап, өзі Алматы қаласына алып жүрді, оларды түрлі оқу орындарына түсірді. Өзі осы жұмыстың соңында бір ай бойы салпақтап жүретін. Талай ректорлармен сөйлесті, талай министрліктің есігін ашты. Ауданның шалғай орналасқанын, жергілікті кадрлардың ауадай қажет екендігін жеткізе білді. Оның еңбегі

жанып, апарған жастары түгел оқуға қабылданды. Солардың көпшілігі кейін жақсы қызметтер атқарды. Сондықтан да олардың бәрі Шабдан Байбатшаевты тебірене еске алады. Міне, бұл өңірден кеткеніне ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, артында қалған жергілікті халық іскер, адал азаматтың атын ұмытпай ардақтап жүр».

Шәкеңнің зертеу жұмыстарының тағы бір бағыты қант қызылшасының өнімділігін көтеру еді. Бұл ісін ол Жамбыл облысында жұмыс істеген кезінен бастап өмірінің соңғы жылдары Талдықорған облысындағы Мұсабек колхозының төрағасы болған кезінде де жемісті жалғастырды.

Азаматтың адал атқарған жұмыстарын халқы бағалап, Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің 4-ші, 5-ші шақырылымының депутаты етіп сайлады, көптеген орден, медальдармен марапатталды. 1996 жылы туғанына 100 жыл толуы қарсаңында Жамбыл, Сарысу, Талас аудандарының орталықтарында бір – бір көшеге және ықшам ауданға, Ерназар ауылында бір көшеге осы кісінің есімі берілді. Ал Жаркент өңіріндегі Көктал кентінде бір көше, жоғарыда айтылғандай кіндік қаны тамған Аққұдық ауылындағы орта мектеп Шабдан Байбатшаевтың есімімен аталды.

«Тұқымы жақсы ту ұстар», - демекші Шабданның інісі Қизат Байбатшаев та жас ұрпақ тәрбиесіне көп еңбек сіңірген, екі бірдей жоғары педагогикалық білім ошағын тамамдаған білікті ұстаз еді. Ол 1925 жылдан Жаркент өңірінде мұғалім болып еңбек етіп, 1930 жылы Жамбыл облысына қоныс аударды. Қизат сол жылдардағы жалпы халықтың сауат ашу жұмысына белсене араласты. Ұлы Отан соғысы басталысымен майданға аттанды, 920-шы атқыштар полкінің қатарында жаумен шайқасып, Ржев қаласының түбінде ауыр жарақаттанған соң майданнан оралып, 40 жылдан астам уақыт мектеп мұғалімі, директоры, аудандық білім басқармасының меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды. Елге сіңірген еңбегі үшін «Қызыл жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және көптеген медальмен марапатталды, «Ағарту ісінің үздігі» атағына ие болды.

Өмірінің басым бөлігін туған жерден шалғайда өткізсе де, бұл жандар әрдайым өзінің туған жерін ұмытпаған және оны үлкен сүйіспеншілікпен еске алып отыратын. Айталық, Шабдан Байбатшаев өзінің «Бел - белестер» атты кітабында туған жерін тебірене былай суреттейді. «Мен туған жерімді жан – жүрегіммен елжірей сүйемін. Матай, Қорғас тауларының көк бұйра баурайлары, көкке шаншылған шың-құздарын қанша көрсем де, ыстық тартады да тұрады. Таулардан сарқырай құлаған өр өзендер мен сылаңдап, сылдыр қағып жатқан әкерке бұлақтар күллі аймақты самиян самалға, сайын тынысқа бөлейді.

Сонау Іле дариясы мен Өсек, Китің өзендерінің бойы ежелден құтты қоныс болатын. Қырында киік, суында балық, «жұт жуымас кара қойын» атанды. Жоңғар Алатауының шатқалдарынан құлаған өзендердің алқабында Алтынемел, Үйгентас, Қарамұрын, Қашама, Қазан сияқты заңғар шоқылардың етегінде жасанған қалашықтар мен ауылдар, елді мекендер сән түзеп, қияннан тұлғалана көрінеді».

Бүгінде осы кісілердің туған жеріне деген мөлдір сағынышқа оранған арман-тілегі ретімен жүзеге асып жатқандай. Соған бір мысал, 1998 жылы Шабдан Байбатшаевтың есімімен аталған Аққұдық бастауыш мектебі көп ұзамай орталау, 2004 жылы орта мектепке айналды. Яғни, бұл ауылдың да әлеуметтік – тұрмыстық жағдайы жақсарып, адам санының өскенін көрсетеді.

Мырзағали НҮРСЕЙІТОВ
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, Қазақстан
Журналистер одағының
М. Жылқайдаров атындағы
сыйлығының иегері, «Жетісу»
газетінің меншікті тілшісі,
Панфилов ауданының
Құрметті азаматы.



(Басы 1-бетте)

Тағы бір бұл жымсақшындықтың біреуі жиырма бір жыл бойы Қазақ Совет энциклопедиясының Ғылыми-бақылау және Тарих, археология, этнография редакцияларының меңгерушісі қызметін атқара жүріп, үш жүзден астам мақала жазған Байұзақ Қожабекұлы Албанидің 1994 жылы «Ататек» баспасынан жарық көрген «Тарихи таным» ғылыми мақалалар жинағында қазақтардың бұрынғы замандардан келе жатқан өміріне тоқталады. «Албандар һәм Албания», «Ұлы Жүз» мақалаларында албан руының б.з.д. I ғасырдағы тарихынан қазіргі уақытқа дейінгі тарихын қамти отырып, Еуразия аймағындағы қозғалысына, болып өткен басқыншылық, қорғаныс ұрыстарының бәрін баяндайды. Б.Қожабекұлы ғылыми мақалаларында 1643 жылғы қазақ жеріне Батур қонтайшы бастаған ойраттардың шапқыншылығын жазғанмен де, албан ағайындар мекендеген жерде мұндай сұрапыл ұрыстың өткендігін жазбайды.

Демек, тарихи оқиғаларды жіліктеп отырған тарихшы ағаларымыз Орбұлақ шайқасының өздері туып-өскен Кеген ауданында өтпегенін жақсы білгеннен кейін тоқталмай отыр. Бұл нені білдіреді? Осы мәселеге көңіл аударып көрдіміз бе? Есімдері қазақ жеріне емес шетелдерге белгілі ғалым ағаларымыз тарихты тауысып жазғандар ғой, бізге қарағанда көп біледі емес пе?

Қ.Жұмаділовтің мақаласындағы көңілге қонымсыз сөйлемнің бірі «Бұл маңайда биік тау



ОРБҰЛАҚ – ЕЛ ЖАДЫНА

жоқ» дегенін түсіне алмадық. Біздің жақтағы таулардың шырқап шыңына шықпаған, қыдырып қыркасын көрмеген адам әрине, сыртымызда тұрған теңіз деңгейінен 4 500 метр биіктіктегі Арқас тауын білмейді. Қазір картада Жоңғар Алатауы атанып Батыстан шығысқа қарай жоны жолбарыстай болып жатқан, төрт жүз шақырымға созылып, Іле өзені мен Алакөлдің арасын қосып, Тарбағатай тауынан Жоңғар қақпасы арқылы бөлініп, Балқаш, Сасықкөл, Алакөлдерді сусындатып жатқан алып тау емес пе?! Тауды кезіп, таста өскен қазақ жерінің ойқырын тау-тасын жақсы білемін деген адам бұлай жаңылыспаса керек. «Сендердің «окоп» деп жүргендерін ертеде андарды қамап ұстайтын аранның орны» деген сөйлем кездеседі. Рас «аран», «арандау», «арандап қалды» деген сөздер бар. Дала жағдайында аран аңды жарлауыт жерді пайдалану арқылы қаумалап қуалап әкеліп ұстайтын жер. Кейде ағаштан жасалған қоршау. Негізінде балықшылардан шыққан сөз. Балық аулайтын құралсыз адамдар көл жиегіндегі қамысты су бетіне жақынырақ жерден қиғаштап кесіп бастарын иіп, ортасын балық жүзіп кіретіндей етіп қамысын тазалап тастайды. Аранға кірген балық желбезегінен ілініп қалып арандап тұрады. Бұл аран жөнінде көлдің суы кеуде тұсынан асатын жерінен башпаймен борық тартып жүргенде талай естіген сөзіміз.

Ал Орбұлақтағы орданың ұзындығы екі-үш шақырымға созылып жатыр, ені екі кісілік етіп қазылған. Мұны аранмен салыстыруға да келмейді. Зорлықпен апарып аранға телу бос әурешілік. Біздің аймақтың аңдары туралы да тоқтала кеткенім жөн шығар. Құлдан құла дүзде жортар болар. Бөрікүздің жалама жартасындағы тау ешкімен қыртысты қыркасында жүрген арқарын кикүлай қуалап Орбұлақтың орнына айдап әкеліп арандатып ұстауға кісінің шама-шарқы келмес әрі олай жасау санаға сиымсыз нәрсе.

Мейлі аран десек те, мейлі ор десек те, аңды осы тәсілмен аулауды түсінген адам, әрине жаудан да осы тәсілмен қорғануға болатынын ұғынуы заңды. Сондықтан да, ор қазып соғысу тәсілін қолданып отыр ғой.



Мақала авторы кейбір тарихи архивтік түпдеректерді жете түсінбей, шайқастың Орбұлақта өткендігін жоққа шығарғысы келіп: «Жоңғарға апаратын жалғыз жол – осы. Олай дейтінім, бұл жолы Батур қонтайшы жер басып алу үшін емес, Алатау қырғызын Жоңғарияға көшіріп әкету үшін келе жатқан» дейді.

Ал тарихи құжаттарда былай делінген, мәселен, ХҮІІ ғасырдағы «Орыс-моңғол қатынастары» құжаттары негізінде қарастырылып 1998 жылы Алматыдан шыққан В.З. Галиевтің «Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасы» атты кітапта Тобыл әскербасы Р.С.Куракиннің Сібір билеушісіне қазақ әскері мен жоңғарлардың әскери әрекеттері, таудағы шайқас туралы жазған хабарлама жазбасында Батур қонтайшының ұлысында төрт ай болып келген Гришка Ильин мен Кучеевтің деректерінде: «Қонтайшы екі жерден Алатау және тоқмақтықтардан он мың тұтқын алды» деп айтады.

Осы жолдардан мынандай күдікті сұрақ туындайды. Қ.Жұмаділов «Алатау қырғыздарын Жоңғарияға көшіріп әкету үшін келе жатқан» деген тұжырымы мен Тобыл әскербасысы Г.С.Куракинге Батур қонтайшысының ордасында болып келген орыс қызметіндегі Г.Ильин мен Кучембердейко Кучеевтің «қонтайшының екі жерден Алатау және тоқмақтықтардан он мың тұтқын алғанын» айтып берді деген деректері – екеуі екі бөлек. Көшіріп әкету мен шауып алып, тұтқындап әкетудің арасында қаншама алшақтық жатыр? Екі деректің қайсысына сенген абзал? Әрине, оқиғаны сол кезде ордада болған, өз құлақтарымен естіген Г.Ильин мен Кучембердейко Кучеевтің дерегі рас.

Тағы бір тоқтала кететін мәселе, Ойрат одағы құрылып, оған шорос тайпасынан шыққан Қара-Құланың баласы Батур қонтайшы билікке келгенде, оның ордасы Ертіс өзенінің басында, Зайсан көлінен біраз жоғары орналасқан екен. 1640 жылы осы ордада Ойрат тайпалары келісімге келіп, татуласып, одақтасып өз жарғыларын қабылдап, бұдан кейінгі жасайтын шабуылдарын келіскен. Осы келісімнен кейін ойраттардың өзге территорияға басқыншылық жасауы жиілеген.

Осындай жойқын шабуылдардың бірінде ойраттар Енисей қырғыздарына шабуыл жасап оларды күштеп көшіргендігі, қарсылық көрсеткендерін аямай қырып-жойып, тірі қалғандары өздеріне қосып алды деген деректер айтылады (Қырғыз. Санжыра. Бішкек. 1993 жыл). Батур осы жолы яғни, 1643 жылы Ыстық көлдегі қырғыздарды өздеріне қосып алғысы келсе Зайсандағы ордасынан тауды асып, тасты басып, өзенді кешпей өз жолын өзі ұзартқанша Жоңғар Алатауының шығысында жатқан Боротола, Құлжа жағымен Ыстықкөлге еш қиындықсыз келмеді ме?

Тағыда бір ерекше көңіл бөлетін дерек ағатқы орыс ғалымы А.И.Левшиннің жазуы бойынша қырғыздар ХҮІ ғасырдың 60-70 жылдары Том мен Енисейдің аралығын, Абаканның маңын, Саян тауларының белін мекендеп жүрген. Олар бірде Ресейге, біресе Моңғолдың Алтан ханына бағынып, кей кездерде Жоңғарлардың қарамағында болғандығын «Қырғыз-қайсақтар және қырғыз-қазақтар туралы мәліметтер» (Қырғыздар. Санжыра. Тарых. Мұрас. Салт. Бішкек. 1991 жыл. 255 бет) деген мақаласында ашып көрсетеді. Бұл жердегі мәселенің түйіні мынада. Қырғыздарға негізгі қауіп моңғолдың Алтан ханынан келген. «Ойраттардан жәрдем алумен қырғыздар үмітін үзген. Батур 1641-1643 жылдарда қырғыздарды өзінің боданы деп есептеген, бірақ амалын тауып алған Алтан хан қырғыздарға қайтадан салық сала бастағанда оларға шынындада ешқандай жәрдем көрсете алған емес» делінеді жазбада (аталған кітап. 181-бет). Олай болса, төңірегіндегі жоңғар тайпаларының бәрін бас идіріп, бағындырып, күшейіп алған Батур қонтайшы 1643 жылы қырғыздарды да, әрі өзі ұзақ жылдан бері Жәңгірге кектесіп жүрген соң, қазақ жерлерінде шабуға бекінген. Яғни мұнда «қырғыздарды көшіріп әкелу» деген сөз мүлдем орынсыз. Керісінше, ойраттар Енисейдегі қырғыздарды көшіріп әкетті деген оқиғаның бұдан 60 жылдан кейін 1703 жылдың күзінде орыстарға жеткендігі жөнінде тарихи мәлімет бар. Қалмақтардың үш төресі – Духар, Сандық, Чинбиль дегендер 500 кісілік отрядпен келіп қырғыздармен соғысып жүріп, зорлықпен 2550 кейбір деректерде 3000 түтін қырғызды көшіріп әкеткендігі туралы В.В.Бартольд жазады (Қараңыз. В.В.Бартольд. Қырғыздар. Бішкек. 183-184-беттер). Сонда Қ.Жұмаділовтың «Олар осыдан екі жыл бұрын Енисейдегі үш мың түтін қырғыздарды көшіріп әкелген» дегені тарихи шындыққа жанаспайтынын көрініп тұр. ХҮІІІ ғасырдың басында болған оқиғаны ХҮІІ ғасырдың бірінші жартысына, яғни 60 жылға кері шегеріп апарып болды дегеннен Жұмаділов не ұтады? Тарихи фактіні өз ыңғайына қарай бұрмалаудың қандай қажеттілігі бар еді?

Тағы бір ескеретін жағдай, билік басына келген ойрат қонтайшысы Цебан-Рабан (1697-1727 ж.ж.) Жетісу жерінің көп бөлігін өзіне қаратып алғаннан кейін қазақ жеріне шабуылдауға ыңғайлы болу үшін өзінің ордасын Құлжаға жақын Талқы және Сарыбұлақ өзендерінің аралығына (қазіргі Күре аталатын көне бекініс орны) әкеліп орналастыруында да көп мәселелер жатыр дей аламыз. Бұл мәліметті

жоңғар қонтайшысы Цебан-Рабанға 1722 жылғы қараша айында келіп 1723 жылғы қыркүйекте кері қайтқан орыс елшісі капитан шеніндегі И.Унковский жазады.

Адамзат баласының мыңдаған жылдар бұрын өткен оқиғаларды, құбылыстарды есте сақтай алатынын көптеген анықталған жайлар дәлелдеп отыр емес пе? Мая халқының аңыздарындағы алапат соғыс болғандығы жайлы сақталған жазбалардың шындығы ашылып, расталып жатқандығы жайындағы жаңа тұрпаттағы зерттеулер адамдар санасында нешеме заманғы оқиғалары жаңғырып жататындығын неге ұмытамыз? Онымен салыстырғанда Орбұлақ шайқасы кеше өткендегідей оқиға болып көрінеді.

Тарихи концепцияға жүгінетін болсақ шайқас өткен тарихи орын бар және сол сұрапыл шайқаста қаза тапқан, тірі қалған батырлардың есімдері біздің есімізде сақталған. Ал олардың ұрпақтары біздің есіміздегі ерлердің өшпес есімдері ұрыстың нақты осы арада өткендігін айғақтайды. ХҮІ ғасырдан бастап мысықтабандап Сібір жағынан еніп келе жатқан орыс мемлекетінің арнайы адамдарын жіберіп, экспедициялар жасақтап мақсатты зерттеу жүргізуі, сол арқылы ол жерді мекендеп отырған тұрғылықты халықты тез арада жаулап алудың жолын іздегендігі еді. Көптеген тарихи түпдеректер соғыстың біздің Жетісу жағында болғандығын көрсетеді. Ел арасында атадан балаға беріліп келе жатқан «Сенің атаң батыр болған, жау түсірген» деген сөздерді біздің аймақтың ұл-қыздары әке-шешелерінен, үлкендерден жиі естіп өстік. Ес жиып өскен, оқыған соң желдің өтінде, жаудың бетінде қылыш тисе бізге, жебе көзделсе елге тиетін шекаралы аймақта мекендейтінімізді білдік. Қазіргі кезде қазақта батыр көп екен деп кейбір кер ауыздар келеке еткісі келеді. Әр ауылдан батырлар шыққаны рас, олай болмаса алдындағы адал малынды, аузындағы асыңды қырып, тартып алып кетіп отырған қалмақтардың топтары ХХ ғасырдың басына дейін біздің елге тыныштық бермегені белгілі. Ондайда «батырдың бере тұршы, жау шауып жатыр» деп қайсы руға жаушы шаптырасың. Біздің өлкеден басқа қазақ жерлерінің халқы ХҮІІІ ғасырдан бастап патша өкіметінің қол астына қарап, сыртқы шапқыншылықтан азда болса, тыныштық тауып тіршілік етті. Қасиетті Орбұлақ шайқасына қатысқан батырлардың ұрпақтары біздер барда, Орбұлақтың аты сақталады және ешқашан ұмытылмайды.

Қ.Жұмаділовтың «Шайқас Орбұлақта емес, Кегеннен Ыстықкөлге асып түсетін Қарқара асуында өткен» - дегені тіптен көңілге қонымсыз. Себебі Қарқара асу емес, ол өзендердің айырымы, яғни Кеген ауданына қарасты қазақ-қырғыз шекарасындағы бірнеше өзеннің тоғысып, бірі қазақ жеріне, бірі қырғыздың Ыстықкөліне қарай ағып жатқан өзендер айырымы. Сырттың жайлауын кезінде қазақ-қырғыз қатар жайлайтын. Сол таудан басталған бұлақтардан жинақталған сулар Түп, Жырғалаң болып Ыстықкөлге құяды. Бұл аңғарда шатқалды бөгеп, торап әскер шығарып, соғыс ашатын жер жоқ.

Қ.Жұмаділов мақаласында Сантас туралы да сөз қозғалады. Оған да тарихтан алып мынандай уәж айтуға болады, Есімхан 1627 жылы Ыстықкөлдiң оңтүстігіндегі қалмақтармен ұрысқа бара жатқанда қазіргі Кеген ауданының жерін басып Сантас арқылы жүріп өткен. Сантаста (қырғызша Санташ) үйілген тастардан тұрғызылған обалар әлі күнге дейін бар. Жердің атауы қазаққа түсінікті «сан» яғни, санау және «тас» деген сөзден шыққаны бесенеден белгілі. Жергілікті жұрттың айтуы бойынша Есімхан қалмақтарға қарсы жорыққа шығып, осы жерден әскерін өткізіп бара жатқан шағында бұйрық беріп әр жауынгерге бір тастан көтертіп алдырып, бір жерге тастатып үйгізіп өтіп кеткен. Ыстық көлдің маңайындағы ойраттарды тыныштандырып, жорықтан оралып, осы Сантастан қайта өткен кезінде тағы да тас үйгізіп сарбаздарының санын түгендеген тәрізді дейді, сол Сантас, яғни санақ тас 1627-1629 жылдардағы жауын жеңіп қайтқан Есім хан және оның жауынгерлерінің ерлігіне орай үйілген тас обалар естелік ескерткішіндей сол орында кішігірім төбешік болып жатыр. Есімхан қайтар жолында Кеген алқабының Көктөбе, Үш Меркіні басып, Торайғыр асуы арқылы қазақ Алатауының бөктерімен Ташкенге оралған. Ақсақ Темірдің Алтын Орданың ханы Токтамысқа қарсы жорыққа шыққандағы Ұлытаудағы осы сияқты үйген тас обалар туралы әңгімені естеріңізге түсіріңіздер. Сол өңірде отыз жылдан астам тұрып, қызмет атқарып, қырғыз ағайындармен бірге Қарқарадағы Мыңжылқы жайлауында көптеген мәдени шаралар өткізіп жүріп, қырғыздардың әрі сол аймақтан шыққан атақты тарихшылардың еңбектерінде 1643 жылы осы жерде қазақ-қалмақ арасында қантөгіс ұрыс өтті деген деректің айтылмағанын білемін. Ал, тиісінше халық аузындағы аңыз-әңгімелерге құлақ түрсек, қырғыздың атақты «Манас» эпосындағы «Көкөтайдың» асын Бокмұрын қазақтармен келісіп, осы Мыңжылқы жайлауын сұрап алып, осы жерде өткізген екен

жонғар-қалмақ басқыншыларына қарсы күресте ынтымақ-бірлігін нығайтты» дейді (аталған кітаптың 284 беті).

Қ.Жұмаділов жазғандай жалпы қырғыздар дербес ел болғалы ешкімге есесін жіберген емес. Жүздеген жылдар бойы атақты «Манас» эпосын жадыларында ұстап келе жатқан елдің ұрпағы, үш жүз жетпіс бес жыл бұрын қантөгіскен шайқас қырғыз тарапындағы жерде өткен болса, Кеңес өкіметі тұсында-ақ дүрілдетіп қалаларының, көшелерінің, аудандарының атауларын ауыстырып т.б. айтулы дүниелерді жасап өзгертіп тастар еді. Жоқ, керісінше ақиқатын айтып, ағынан жарылып қазақ жеріне, онда да Жонғар тауындағы Орбұлаққа сілтеме жасағанын оқып отырсыздар. Жоғарыда есімдері аталған атақты орыс тарихшылары да, қырғыз тарихшысында оқиғаның шындығын айтып тұр. Тарихи материалдардың ауырлығы сонда, әрбір сөз ой сүзгісінен өтіп барып қағазға түсуі керек. Әдеби-көркем шығармаларда кейбір еркіндіктер жіберілгенмен де, тарихи дүниелерде нақтылық жүреді әрі соңында түгендеушілер бар.

Жәңгір ханның Жетісу өлкесінің солтүстік шығысында жатқан Жаркент аймағының жерін қалмақтармен тартысқа түсіп, жанын сала қорғап жүргендігі бекер емес. Бұл жер Жәңгір сұлтанның әкесі Есім ханның атасы Жәдіктің бірге туған бауыры Үсек (қазақша Өзек деп қойылған болуы керек) сұлтанның жайлаған жері. Ал, Үсек сұлтанның мекені біз сөз етіп өтіп отырған Жаркент өңіріндегі Сарытау, Қосқолаң тауларының ең көрікті жерлері. Үсек сұлтанның атымен аталып қалған (картаға орысша «Усяк») деп түсіріліп, бұрмаланып «Өсек» аталып жүр. Арыны қатты, қой тастарды допша домалататын өзеннің шығысында Орбұлақ шайқасының батыры Елтінді батырдың туған жері, көкмайсалы Бұрхан жатыр. Батысқа қарай бет түзеп шықсаңыз бір көштік жердегі Белжайлау арқылы Ордың бұлағына жетесіз. Мұндай дәлелдердің нешесін алдыға тартуға тура келсе, оған жердің де, елдің де айтары бар.

ЖАЗЫЛҒАН ТАРИХ



деген аңыз бар. Себебі, Үш Қарқара өзенінің суы мол, шөбінен ат құлағы көрінбейтін шүйгінді, тау бөктеріндегі жазық. Оған да дәлел керек болса, оның бірі сонау жиырмасыншы жылдарға дейін Мыңжылқы жазығындағы жерошақ үшін қазылып мыңдаған шұңқырдың орындарының сақталуы куә. Ал осы аймақта ХҮІІІ ғасырдың 40-55 жылдарындағы қазақ-қалмақ соғыстарының өткендігін өзі тіптен бір бөлек әңгіме. Оған қатысты Қараштың сазындағы, Жалаулы маңындағы, Ойратөбедегі ұрыстар сияқты тарихи орындар көп. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ірі орталықтарының бірі, 1916 жылғы Албан көтерілісі басталған Ереуілтөбе де осы Мыңжылқыда, күндік жерден мен мұнда лап тұр. Шоқының христиан дініне кіркен патша қызметіндегі бірі шуаш, бірі татар Г.Ильин мен К.Кучевтердің Батур ордасында болып орда төңірегіндегі және тұтқынға түскендерден білгенін, Тобылға келгеннен соң 1643 жылғы қазақ-қалмақ шайқасы туралы берген мәліметтерінде ұрыс асуда өтті деген бірде-бір сөз айтылмайды. Олардың айтқандарын оқырманға түсінікті болу үшін орысша берейін, «И Янгир де, покопав шанцы меж камнем, и в те шанцы посадил 300 человек с вогненным боем, а сам с тремя стами, став в прикрытье за камнем» десе осы деректер негізінде шайқас туралы 1832 жылы баспадан шыққан еңбегінде (Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 2009. стр. 162) орыс тарихшысы А.И.Левшин «... он поместил одну половину оною между двух гор в ущельи, которое окопал глубоким рвом и обнес высоким валом...» және «... весьма невыгодным для осады по причине узкого пространства...» деп Жәңгірдің жаудың негізгі күшін асу емес, тау арасындағы тар қыспақта күткіп алып, қалмақтардың әскерлерінің көсіле қимылдауына мүмкіндік бермегенін айтады. Ал 1941 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы туралы очерктерінде» М.П.Вяткин «...Жағангир удачно воспользовался местностью, запер войско Батура в ущелье и сумел нанести ему весьма существенный урон» (Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 5 том. Астана, 2007. 106-бет) дейді. М.П.Вяткинде өз жазбасында тау шатқалында қыспақта қалған жаудың алды-артынан бірдей сокқы жеп шығынға ұшырағанын жазады. Әйтпесе асуды «перевал» деп жазса олардың қолын ешкім қақпас еді. Әсілінде, елеулі тарихи оқиға болып өткен орынды зорлықпен апарып өзге бір елге, жерге ыркынан тыс тану — сол елге де, оқиға болып өткен жерге де жасалған жалған қиянат болып табылады.

Қырғызстандық тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Г.И.Асанов Орбұлақ шайқасының 375 жылдығына арналған «Қасиетті Орбұлақ» атты тарихи жинақтағы «ХҮІІІ ғасырдағы қырғыз-қалмақ келісімдері жазба деректерде және шежіреде» мақаласында «Бірақ, Жәңгір-сұлтанның қалмақтарды жеңген оқиғасы қайсы жерде болғандығының географиялық координаты көрсетілген емес» дей келе «...Жәңгір сұлтанның қалмақтарға қарсы жеңісті оқиғасы Жонғар Алатауы жағындағы Ор-Бұлақ деген жерде болған. Ор-Бұлақ жеңісі іс жүзінде Орта Азиялық елдердің

Ұзақ жылдарға созылып, бастапқыда халқымызды бозторғайша шырылдатып, телім-телім етіп, шілдің тезегіндей бытыратып, тоздыра жаздаған тарихта талай елдердің оқымыстылары тақырып етіп еңбек жазған қазақ-ойрат соғысы қазақтардың бас біріктіруін күшейтіп, бірлігін нығайтуға ықпал жасады. Елбасына күн туған кезеңде батырларымызға өз ыңғайымен пана бола білген Орбұлақ бұл күндері дүйім жұрт үшін, бүкіл Қазақстан үшін қасиетті, киелі мекен саналады. ХҮІІІ ғасырдағы Еуразияда болып өткен шайқастардың ішіндегі бұрын соңды болмаған әскери ұрыс әдісін қолданғандығымен есте қалатын Орбұлақ шайқасының 350 жылдығы атап өтілді. Мемлекеттік деңгейде өткізілетін Орбұлақ шайқасының мерекесіне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қаулысының қабылданды, онда 350 жылдық шараға жауапты құзырлы мекемелердің міндеттері көрсетілді, орны белгіленіп берілді. Мереке қалай өткен, оған кімдер ұйытқы болып қандай жақсы шаралар жүргізілгендігі және осы қазақ халқы үшін аса маңызды тарихи мәні бар оқиға баспасөз бетінде кеңінен жарияланып, теледидардан көрсетіліп, радио арқылы жұртқа жеткізілді. Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Біз үшін бұл араның әр тасы киелі, әр бұтасы қасиетті... Олар бұдан үш жарым ғасыр уақыт бұрын көз көріп, құлақ естімеген ерен ерлікке куә болған» - дейді. Жазушы Бексұлтан Нұржекеев 2002 жылы Алматы қаласындағы «Жалын» баспасынан екі жарым мың данамен басылып шыққан «Ойұшқын» кітабындағы көлемді «Қасиетті Орбұлақ» мақаласында егжей-тегжейлі баяндап жазған (Қараңыз. «Қасиетті Орбұлақ». 463-481беттер).

Ор жотасындағы 20 тонналық тасқа «Бұл жерде 1643 жылы Салқам Жәңгір бастаған қазақтың 600 жауынгері ор қазу тәсілімен қалмақтың 50 мың қолын тоқтатып, оның 10 мыңын жойып жіберген» деп төрт қырлы табиғи гранит тасқа түсірілген сөздер Қазақтың ескерткіштер қорғау қоғамының яғни бүкіл қазақ халқының атынан тұрғызылып шайқастың Орбұлақта өткендігін мойындау емес пе? Қазақ халқының ойрат басқыншылығына қарсы қорғана шайқас жүргізген соғыстарының әскери тарихында жарқын жеңісті із қалдырған 1726 жылғы «Қалмақ қырғалған», 1729 жылғы «Аңырақай» шайқастарының қатарында, 1643 жылғы «Орбұлақ» шайқасында мемлекет тарапынан бағасын алып, атап өтілді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Орбұлақ пен Аңырақайдағы тарихи маңызды жойқын жеңістер де Азаттықтың ақ туы астында желбіреді» деген еді. Қазақ халқының жеке мемлекет дәрежесінде өмір сүруі үшін сыртқы жауларымен арпалысып, қан төгіспен жеткен жеңісіне берілген лайықты бағасы болмаса, 1993 жылғы Орбұлақ шайқасы жеңісінің 350 жылдығын, 2018 жылы өткізілген 375 жылдығын атап өтуден ешқандай протекционизмді көріп тұрғанымыз жоқ. Саналы ғұмырымызды қазақ халқының тарихын оқытып келе жатқан біздерге 1643 жылғы қазақ-қалмақ ұрысының Жаркент өңіріндегі Ордың бұлағы маңында, қазіргіше Орбұлақта өткендігін жоққа шығару тек Жаркент халқының тарихына ғана емес, бүкіл қазақ тарихына жасалып отырған қиянат деп санаймын.

Қ.Жұмаділовтың Орбұлақ шайқасы туралы мақаласын оқып шығып, «Өспес елдің баласы, өнбес дауды қуады» деумен өзімді тоқтаттым.

Молот СОЛТАНАЕВ,
тарихшы.



ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ

Жаркент маңындағы

Ор өзені жағасында болған

«Қазақ әдебиеті» газетінің 24 желтоқсан 2019 жылғы №52 санында Қабдеш Жұмаділовтың «Орбұлақ шайқасы» тарихта болған емес» деп айқара бетке айқайлата «сүйінші» сұрай жар салған мақаласы жарық көрді. Соңғы отыз жыл бойы Орбұлақ шайқасын жоққа шығарып келе жатқан Қ.Жұмаділов (Мүмкін ол қалмаққа қарсы соғыстағы қиын кезеңде халқымызға абырой әкелген осы бір алғашқы серпінді сілкіністі шайқасын қазақтан қызғана ма!?) мақаласының басын әдеттегідей белгілі жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Бексұлтан Нұржекеев ағамызға жөніс түсіуден бастапты. Сөйтіп, ішкі қыжылын бір төгіп алады да былай дейді:

«Иә, сол бір 1643 жылы қазақ пен қалмақ арасында сұрапыл соғыстың болғаны рас. Бірақ ол соғыс Орбұлақта емес, басқа жерде өткен. Бұл туралы орыс архивінде сақталған мәліметте Контажының 50 мың әскермен қырғызға қарсы жорыққа аттанғаны, қазақ ханы Жәңгір 600 сарбазбен алдын бөгегені айтылады да ұрыстың дәл қай жерде өткені жайында дерек көрсетілмеген» дейді. Бірақ Қ.Жұмаділов бұл мысалында орыстың дәл қайсы архивінен алғанын көрсетпейді. Біз білетін А.И.Левшиннің жазбаларында аталған соғысқа қатысқан Жәңгірдің хан демейді ханның ұлы (царевич) деп келтіреді. Өйткені ол кезде Есім хан өлгеннен соң біраз жыл хан сайланбаған еді. Левшиннің бұл шайқасты қай жерде болғанын көрсетпегені оның Орбұлақта болған жоқ дегені деп ұқпауымыз керек.

Енді ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор К.М.Байпақов көзі тірі кезінде кеңесшілік еткен «Көшпенділердің ұлы шайқастары» атты кітаптағы аталған шайқасқа қатысты деректерге назар аударалық:

«Батур қонтайшының соғыс ашқандағы мақсаты - Жетісудың шүйгінді жайылымын басып алу еді. Бұл жерлерге апаратын төте әрі түзу жол Тарбағатай сілемдері мен Аяғөз өзенінен басталып, ары қарай Жетісуға жалғасатын. Екінші бір қолайлы жолмен: Джаир, Уркашар, Барлық тауларын жанап өтіп, Жонғар қақпалары арқылы Жетісудағы өзендер алабына (Лепсі, Ақсу, Қаратал, Көксу) баруға болады. Екі нұсқа да Батурдың көңіліне қонбады. Аталған жолдармен жүрсе, қазақ әскерімен шайқасуға тура келеді. Бұл қауіпті» деп жазады да әрі қарай:

«Батур қонтайшы жасақтарын Тарбағатайдың шығыстағы Моңғол Алтайының бөктерінде, Богдо-Улаһның солтүстік баурайы мен Боро-Хоронның сілеміне жинады. Сосын Сайрам-Нұр көлінің маңында тау жотасынан жасырын жылыстап, бірден Іле өзенінің бойымен оңтүстік аймақтағы қазақ қонысын кесіп өтіп, Жетісуға бой тасалап кіру керек деп шешті. Іле өзеніндегі бастапқы шепке де тап осылай, Тышқантау, Қояндытау, Алтын Емел, Шолақ жоталарының биік таулы жерлерімен шықпақ болды», - деп көрсетеді. Ал, Қ.Жұмаділов жоғарыда аталған мақаласында «Батур қонтайшы жер басып алу үшін емес, Алатау қырғызын Жонғарияға көшіріп әкету үшін келе жатқан. Дәл осы тұста Жонғар хандығы жерге емес адамға зору бталған» деп бір тон пішеді де «енді міне, Алатау қырғыздарын өздеріне қосып алмақ. Көрі-құртаңына мал бактырады, жастарын әскерге алады» деп қырғыздарды қауқарсыз етіп көрсетіп, қалай тықпаласан да көкейге қонбайтын болжамын айтады. Мұнымен қоймай «Батур қонтайшының Алатау қырғызына бет алғанын Салқам Жәңгір кешірек естіп қалады да, әскерге сауын айтуға үлгірмей қарбалас күйге түседі» деп ешбір дереккөзде айтылмаған сөздерді келтіріп, «нәтижеде қазақтар бұл жолы да қырғызды қорғап қалды» деп қойып қалады. Жер қайысқан қолмен қалың құмырысқаша қаптаған қалмақтардың әскер санын көбейту үшін басқа елден адам жинауы шындыққа жанаса қояр ма екен? Қырғыздарды қазақтың қанша рет қорғағанын айтуды қырғыз ағайындардың өзіне қалдырғанымыз дұрыс шығар, ал Жәңгір сұлтанның (бұл кезеңде Жәңгір хан да емес, салқам да емес еді) Батур қонтайшының шабуылын кешірек естіді дегені еш қисынға келмейді! Сөзіміз дәлелді болу үшін тағы да жоғарыда аталған кітаптан мысал келтірейік:

«Жонғар әскерінің жорығы туралы Түркістандағы қазақ хандарының ордасы хабарлар еді. Бұл оқиға Жәңгірден шұғыл шешімдер мен төтенше шаралар қабылдауды талап етті. Қазақ жасағы бір күн кідірместен Жетісуға аттанды» (164 бет).

Кітапта осылай дейді және бұл көкейге қонымды да. Өйткені, алдын-ала дайындық болмағанда, аз қолдың қалың нөпірге төтеп беріп, алдыңғы лекті серпуі мүмкін емес қой. Ал бұл келтірілген мысалды жалған десе, Қ.Жұмаділов осы кітапты шығарған авторларға барып анық-қанығын білуіне болар деп ойлаймын. Айта кетер бір жайт, кейде кейбіреулердің Орбұлақ шайқасын сөз еткенде «600 адам 50 мың саны бар әскерді қалай жеңді, бұл ертегі ғой» деген сынды жеңіл көзқарастан шыққан сөздер айттып қалатыны бар. Ал шындығында ол 600 адам жоғарыда айтқанымыздай алдына ала әзірлік жасалып, тек жаугерлерден іріктеліп алынған атақты батырлар мен соғыс өнерін жетік менгерген жауынгерлер еді және олар жаудың 50 мың әскерін қырып тастаған жоқ, жандарын шүберекке түйіп, ел намысын қорғауды мақсат етіп, күші басым жаудың алғашқы легін тойтарып, арттан көмек келгенше жан алып, жан берісті. Ең бастысы бұл соғыстың тарихта шын болғанын, Жәңгірдің өзі тікелей қатысып, соғысқа жұмылдырған сарбаздардан Батур қонтайшының қалың қолының мол шығынға ұшырағанын сол кездің өзінде қонтайшының өз аузынан естіген Г.Ильин және Кучевтердейкө тәрізді Ресей әскери өкілдері жоғарыға жазған рапорттарында анық етіп көрсетті емес пе?

Бұл аз болғандай Қ.Жұмаділов Орбұлақ шайқасы туралы фильмді де түкке алғысыз етіп сынап алып, ескі күйтабақ тәрізді Б.Нұржекеев ағамыз бен марқұм Б.Қыдырбекұлына тиісуін қайтадан бастайды. Бұл енді бөлек әңгіме. Ал, Орбұлақ шайқасы туралы «Түп тұқияннан өзіме шейіннен» басқа да еңбектерде аз айтылған жоқ қой, сондай-ақ, орыс және шетел тарихшыларының да жазбалары сан мәрте зерттеліп, ой-пікір таразысынан өтті емес пе? Бұл шайқастың 350 жылдығы да кезінде мемлекеттік деңгейде лайықты бағасы беріле аталып өтіп, халқымыздың мерейін бір көтергені белгілі. Сондықтан ендігі жерде «шындық үшін шырылдаймын, тарихты өтіріктен қалай тазартамыз» дегенді желеу еткен «әсіре патриоттар» (өз сөзін өзіне қайтаруға мәжбүрміз) сабасына түссе екен, өйткені басқа басқа, дәл Орбұлақ шайқасына келгенде «тарихты өтіріктен тазарту» деп «күйзелудің» еш реті жоқ-ау дейміз. Одан да өмір мен өлім ортасында ел қорғап қалған ер бабаларымыздың есімін мәңгілік ете беруді бүгінгі ұрпаққа үлгі ете берсек, тарихымызды айшықтандыра беретіні сөзсіз.

Шаяхмет ОРАЗЫМБЕКҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар
одаының мүшесі, ақын.

(Басы 1-бетте)

Осы әпкемнің әбжілдігі апам тартқан-ау шамасы. Апам да шапшаң қимылдайтын. Кейде келін-кепшікті, бала-шағаны бір нәрсеге жұмсай салып, олар орнынан қозғалғанша ұшып тұрып өзі әкеле салатын. Ас-ауқатты да тез дайындайтын. Басқа тағамдары өз алдына, асты-үстіне қи қалап тапаға пісірген томпиған таба нандары қандай дәмді еді десеңізші. Арасына шыжық немесе пияз салып та пісіретін. Қаймақты сүт қатқан күрең шайымен жеп алып, рахаттанып қалатынбыз. Содан ғой, Мырзақын деген мағаз ағамыздың «Зейнештің шайы кейбір үйдің көжесінен әлденеше есе артық» деген сөзі ағайын арасында қанатты сөздей тарап кеткені. Айтпақшы, атамның да кемпіріне риза болғанда ылғи айтатын бір қызық сөзі бар еді: асқа тыңқия тойған соң «үһ» деп қарнын сипап артқа шегіне отыратын да «Тағы тамақ салайын ба?» деген апам: «Жо-жоқ, қанағат! Әбден ішіп-жедім. Ар жақтан өткелі (ол кезден бері отыз-қырық жыл өткен) тойғаным осы» дейтін қулана.

«Ой-хой, несін айтасың? Түк таппаса екі галошын біресе оң, біресе теріс киіп алмастырып отырады». Кейбір мазасыз кейуаналар туралы айтылатын осындай әзіл-шыны аралас сөз бар ғой ел ішінде. Ол рас та шығар. Менің апам да тынымсыз еді, бірақ жағымды мағынада деп айтуға болады. Жұрт құсап жайбарақат жүрмейтін. От басы, ошак қасы мен ас-судың қамы өз алдына. Бұзауды қорасына қамап келе жатып, қойдың ақырына шөп тастай салады. Далаға көмір әкелуге шыкса, жуынды құйылған шелекті іле кетеді. Қазандағы астың қайнауын күтіп отырып, төр көрпенің жыртқығын да көктеп үлгереді. (Ағайын-туыс қыздарының тұсауын апам кестіретін «Зейнеш сияқты ширақ болсын» деп)... Әйтеуір, біз ұйқыға жатқанда да асүйде тырп-тырп басып, әлденені тықырлатып тыным таппайды. Ертеңгісін оятатын да – өзі. Бөлмеміздің есігін ашып: «Әй, тұрындар, таң атты!» деп бір дауыстайды. Қора жаққа өтіп бара жатып: «Мыналар әлі жатыр ма?... Әй, күн шықты!» деп тереземізді тықылдатып шертіп өтеді. Сәлден соң терезе қаттырақ тақылдайды: «Ой, түс болды!...». Бұл – қора жақтан сиыр сауып келе жатқандағы соңғы ескертуі. Оған қоса: «Әне, әкелерің үйге кірді» деп қорқытып қоятыны бар. Негізі, апамның «Әй..., Әй..., Ой...» деген одағайларынан бірте-бірте күшейіп келе жатқан ашуын аңғарсақ, «Таң..., Күн..., Түс...» мезеттері туралы меңзеуінен мезгілдің де біраз болғанын бағамдай бастаймыз. Сонымен, алғашқы «подъемда» кірпігімізді көтеріп, екіншісінде екі аунап түсіп, қайта қалғи бастаған байғұс басымыз енді амал жоқ, көрпемізді кейін серпіміз.

Бірақ, бізге өстіп сергектік сыйлайтын апамның өзінің бір қызық қылығы бар еді. Ерте тұрып, кеш жатады. Содан шаршайтын болар, кейде дастархан басында тікесінен-тік отырған күйі бір сәт қалғып кетеді. Ондайда атамның әзілкештігі ұстай қалатын әдеті. Бізге қарап: «Тс-с...» дейді де, газеттің қиындысын махорка салып тартатын қағаздың мөлшеріндей шиыршықтап алып, ұшын апамның мұрнына жүгіртіп жібереді. Шошып кеткен апамның «Көтек!» деген даусын естіп біз «шу» етіп күлеміз. Дегенмен, атамның мұндай «шоуы» әрқашан сәтті бола бермейді. Шиыршықты шошайтып еппен еңкейе бергенде «Тәте, байқа!» деген оқис үннен өзі де селк ете түседі, «объектісі» де оянып кетеді. (Бұл – әрине, апамның «телехранительдері» Кұлқайдың, не Рысқанның ескертуі). «Қап, бір қызық болар еді» деп атам жорта өкініп қояды мұндайда.

Апам атамның атын атамайтын. Әңгіме арасында «Әлгі біздің үйдегі», «Қожаайын», «Мынаның әкесі» деген секілді жанама аттарды қолданып, бірдене айтқысы келсе «Әй, атасы» деп шақыратын. Тұлғасы таудай Анар әжемізді «Кіші апа» деп құрметтеп, шашы бурыл тартқан Әкіш ағамызды «Кенжетай» деп еркелеткенін естігенде еріксіз езу тартатынбыз. Әуелі көршінің біз қарайлас Сыдық деген баласын «Ат теріс» дейтін. Сөйтсек, үлкен аталарымыздың бірінің есімі солай екен. Қасиетті қазақы қалпымызды қанына қапысыз сіңірген қайран көне көздер-ай, десеңізші!

«Әй, көкбармақ!» деп қабақ шытып жататын кейде қыздарына. Сөйтсем, ине-жіппен іс тіге алмағанына кейігені екен. Сол қатаң талабының, үйретуінің арқасы шығар, әпкелерім тоқыған әртүрлі шілтерлер мен қызылды - жасылды кестелер бөлме-бөлмемізге әр беріп тұратын. Үйдің іші-сыртын әрдайым таза ұстауға тырысатын. Ұл-қыз демей жұмсап, «Түнде періште аралайды. Ыдыс-аяқты жуып, тазалап қойындар, Бықсытпандар!» деп батыра айтатын.

Жүгері – біздің Кішішығанның береkesі. Көктем шыққаннан жер жыртқылып, тұқым себіледі. Жаз бойы арамшөптен арылту, түбін қопсыту, шалаңдату тақылтетес түрлі күтіп-баптау жасалып, суғарылады. Күз түсе өнімі жиналып, қырманға тасылады. Ой, міне, нағыз қайнаған өмір, еселенген еңбек, қызған қарекет кез – осы. Таңның атысынан - түн ортасынан ауғанша тыным жоқ. Алайда, одан «шаршап-шалдықтым» деген тағы ешкім жоқ. Өйткені, табысы – таудай. Қолы қимылдағанның қалтасы да қампаяды. Одан соң қыс келісімен алқапқа тыңайтқыш шашу, ылғал жинау басталады. Осылайша жыл бойы кезек-кезегімен жалғасып жататын жұмыстың бірде-бірінен әке-шешеміз шет қалмайды. Шамамыз келгенше тырбанып, науқандық істерінен біз де қалыспаймыз. Қазір

ТАНДЫРДЫҢ ТОПЫРАҒЫ



Апам екеуіміз. 1980 жыл.

ойлап тұрсам, соның бәрі өмір сабағы, тағылымды тәрбие екен ғой.

«Сабақ» демекші, басты борышымыз – мектептегі оқу барысын ата-анамыз қатты қадағалайтын. «Жақсы оқы. Оқысаң адам боласың. Мұғалім боп, бала тәрбиелейсің. Бастық боп, ел басқарасың. Тым болмаса Байжұма (есепші) құсап еңбеккүн жазасың...» деп құлағымызға құюшы еді. Жалпы, баласын биіктен көргісі келмейтін пенде жоқ-ау, сірә?! Кейін естідік қой, сол тұста көрші Үлкеншыған селосындағы Сламғали орта мектепті бітіріп, ҚазПИ-дің худ-графына оқуға түсіпті. Сонда әкесі Үркімбаев «Балаң қандай оқуда?» дегендерге, «Бастықтың оқуын оқып жүр. Бітірген соң Ыбырайымжанның (колхоз төрағасы) орнын алады» дейді екен...

Қол боста колхоз жүгерісін жинап кеткен алқаптан есек арбамен масақ жинайтынбыз. «Бақа сисе – көлге сеп» деген. Бұның еш зияны жоқ. Пайдасынан басқа» деп апамдар қайрап қоятын. Жиганымызды қорадағы азын-аулақ малға береміз. Артылғанын бір уақ кешкі асты ішіп, ертеңгі сабаққа әзірленіп болған соң күтірлетіп үгіткізеді де апам жексенбі сайын базарға мөшек-мөшегімен апарып сатады. Ой, мен үшін бұл да - бір рахат. Көк арбаның божысы өз қолымда. Қара есекті қосаяқатып Жаркентке қарай қара жолмен заулата жөнелем. Бір-бір жарым сағатта орталық базарға жеткізіп тастаймын да, сыртта тосып отырам. Ет пісірім уақытта, кейде одан да ертерек апам шығады бос мөшекті қолтықтап. «Ой, түгел өткізіпті ғой» деп іштей қуанып қалам. Өйтпегенде ше? Сауданың аты – сауда. Анда-санда алушы тапшы боп қалады. Кейде көздеген бағана тұтынушы келіспейді. Оның үстіне сатып алушылардың бәрі қалалықтар болғандықтан, көбі – орыстіділер. Бір ауыз орысша білмейді дейтін апам олармен қалай саудаласты? Қайтіп түсіністі? Ол кезде қаперімізге еш кіріп-шықпаған ғой, ал қазір таң қалам.

Қойшы, сөйтіп, қан базардан қанжығасы майланып қайтқан апам екеуіміз күймесіне толтыра алтын-күміс тиеген кәнігі саудагерлердей көңілдене үйге қайтамыз. Көне мәліге кіре берістегі зираттың тұсынан өткенде бетін сипап әлденені күбірлейді. Оған ілесе зират жасаған маған «Нүрәтай, байқа. Арбаны жолдың шетіне тарт» деп ескертуді де естен шығармайды. Содан соң жайланып отырып: «О, Құдай бұнына да шүкір!» деп қоятын.

Үйімізде бір керемет бір сандық бар еді. Тура ертегідегі сияқты Сыртқы сипаты да сәулетті. Іші де – толы «інжу-маржан». Қасбеті қаңылтырмен қапталған. Оған шегендеп отырып салынған әдемі қос қораз бен тауықтың суреті еріксіз жанарымызды жаулайтын. Қызылды-жасылды бояумен боялған бұл құстар кенеттен жан бітіп, ұша жөнелетіндей көрінуші еді көзімізге. (Атамның Шурка деген бір аяғын сылттып басатын тамыр орысы болған. Өзі нағыз алтын қолды шебер. Әрі қазақшаға судай. Ауылымыздағы көптеген үй сол салған пешпен жылытын.

Ол түрлі жиһаз да жасайтын. Мына сандық та – соның туындысы).

Әрине, бізге сиқырлы сандықтағы киім-кешектің қажеті шамалы. Қызықтыратыны – қант-кәмпіт, науат-мәмпәсі. Бірақ, қазынаның қақпағы қашан да – құлыптаулы. Кей-кейде ғана, қонақтар келгенде ашылады. Аса мәртебелі иесі – баяғы Апам. Кілтін кимешегінің астында, өрген бұрымының ұшына байлап сақтайды. Сондықтан ол байлыққа кенелу – өте қиын. Дегенмен, інім оған жетудің де тәсілін тауыпты. Құлыпқа тиіспейді. Есесіне қақпақтың артындағы топсасын шығарып алады. Қажеттісін қолға түсіргеннен кейін орнына шегелей салады...

«Қазына» демекші, апамның кең молынан пішілген қажекейінің қос жанқалтасы қойма іспетті болатын. Өзі үлкен әрі терен. Қапелімде қолынды сұғып кеп жіберсең, бірталай құнды дүниелерді іле шығасың. Түрлі тәттілер де, сықпа құрт та табылады. Кейде оймақ, домаланған жіп, тіпті айна-тарақ та тауып аласың.

Қазір менде мектептегі кезімде жасаған фото альбомым сақтаулы. Онда апамның елу жастың о жақ, бұ жағындағы келісті ақ-қара түсті суреті жапсырулы. Көрген сайын балалық бал дәурен шағымдағы бір сәулелі сәт ойыма орала кетеді. Орала кетеді де, өн бойымды әлдебір жылы ағыс ысытып, жанарымды ыркымнан тыс ыстық жас торлайды. Ол кездері мектепте «Үздік оқушылар» және «Үздіктердің ата-аналары» деген фотостенділер ілініп тұрушы еді ғой. Жалпы жиналысқа келген апамның сондағы өзінің және менің суретімді алғаш көрген кейіпі әлі күнге дейін көз алдымда. «Әй, Зейнеш, мынау сен бе?», «Поһ, тактаның ең төріне іліп қойыпты ғой суретінді...» деп кеу-кеулеген Алтынша, Құлшәри сияқты қатарласына күле қарап: «Ой мына Сарбасымының арқасы ғой!» деп маңдайымнан емірене сүйген. Алқалы топтың алдында ең ардақты адамыңды қуантқан қандай жақсы?! Апамның қуанғанына мен одан да бетер шаттанып, төбем көкке жеткендей болған сонда.

Жетпіс сегізінші жылдың тоғызыншы қазаны. Бұрын алысқа ұзап, Алматы мен Талдықорғанға бір-екі рет қана барып көрген бозбала едім. Дәл осы күні тұңғыш рет ұзақ сапарға – азаматтық борышымды өтеу үшін әскерге аттандым. Алыс болғанда да тым шалғайға әкетті бізді. Үштөбеден пойызбен Өскеменге апарып, одан әрі «Ту-154-пен» Ленинградқа сәл аялдаған соң Германия Демократиялық Республикасының Кенигсберг қаласына бір-ақ топ еткізді.

Жасымын жазуға машықтанған соң бұл әдетімді жауынгерлік жорықта да жадымынан шығарған жоқпын. ҚазГУ-дің журналистика факультетінде оқитынымды естіген командирлерім «Боевой листок» шығаруды бірден менің мойныма жүктеген. Соны атқара жүріп арасында елімдегі аудандық, облыстық газеттерге де жазғандарымды жолдап тұрдым. 1980 жылғы көктемде сол кездегі аудандық

«Жаңалық жаршысы» газетінің мерекелік нөмірінде жарияланған мына жазба - соның бірі. Басылым шекесіне «Асыл ана» деген рубрика қойып, жанрын «Этюд» деп таңбалапты. Апама арнаған перзенттік сезімді өзімше «Нұрлан» есімді әдеби кейіпкерімнің атынан айшықтауға талпынғамын.

Есейіп кетсем де...

«Қымбатты Ана, Сізді көгілдір көктеммен бірге келген мереке күніңізбен сәбилік көңілмен шын жүректен құттықтаймын!»

Қаламын жазуға ыңғайлаған Нұрлан одан әрі не жазарын білмей ойланп қалды. Сүйікті анасына арнап керемет құттықтау сөздер жазғысы-ақ келеді. Бірақ, әр қырқадан құйрығын гана бұлаң еткізіп көрсетіп, ұстатпай жүрген тұлкідей әдемі де айшықты сөздер есіне түспей ойы сан тарапқа шарықтап отыр.

Кенет, ауылдан алған соңғы хат есіне түсе кетті. «Қарағым, Нұрлан,- деп жаздырыпты апасы, - Дені-қарның сау ма? Күн сайын кәпөске көже ішіп, азып-ақ кеткен боларсың, күнім-ай...»

Айтпақшы, «Танкі айдап жүрмін» депсің, абайла, мықты отыр танкіңе. Жора-жолдастарыңмен әрқашан ытымақта бол. «Үлкенді тыңдаған қор болмайды, деген...»

Әй, қамқоршыл ана көңілі-ай!

...Есейіп кетсем де,

Мен саған сәбімің, - деп ақын аға бекер айтпаған екен-ау. Әйтпесе, әскери қызметінің екінші жылын да аяқтауға тақап, өзін сақа солдатқа санап жүрген жігітке осыниама ақыл айтар ма?

Нұрлан еріксіз күліп жіберді. Ойына осы казармадағы алғаш ұйықтап шыққан күн орала кеткен еді.

Бүйірінен біреудің қатты түртіп жібергенінен ояна кеткен ол алғашында ештеме түсіне алмады. Айнала дабырлаған дауыс, төсек-орындықтардың шиқылы. Ауылда болса ғой апасы аймалап жатып, түске жақын оятушы еді. Ал бұл неғылған жандар жарым түнде мазаны алып жүрген...

Басын бүркей берген ол кенет қасында арсылдап-күрсілдеп күйіп жатқан армян жігітінің қоңқайған мұрнына көзі түсе кеткені сол еді, арқасы шымырлап қоя берді. Енді гана өзінің қайда екені есіне түскен болатын.

-Нурик, сен үшін тағы да жаттығу жасауымыз керек пе?, - деген дауыс еріксіз жылы төсектен жұлып алды.

Әрең үлгіріп сапқа тұрысымен-ақ, ұзын бойлы, ақсары өңді сержант бұларды спорт қалашығына қарай бастай жөнелді.

«Ех... қайран апам-ай, - деп ойлап үлгерген ол сонда жүгіріп бара жатып, - егер қазір сен болсаң көзімді ашпастан жаюлы дастарханға ертіп әкелген болар едің-ау».

Иә, бұл алғашқы солдаттық күндердегі бойын билеген өткініші гана сезім екен.

«Рота, фильм көру үшін сапқа тұруға әзірленіңдер!» Дневальныйдың дауысы көңілін бөліп жіберген ол ойын аяқтап жазуға кірісті. «Көктеммен бірге жасарып, біздің бақытымызға ұзақ өмір сүре беріңіз!»

Мерекелік сәлеммен: ұлыңыз Нұрлан.

Бұл жарияланым шығысымен Күлқай әкем газет қиындысын хатпен салып жіберіпті. Сыныптас қыз-жігіттерден де «Сыртта жүріп сағындырсаң да, мақаланды оқып мәз болды» деген әзіл-шыны аралас мазмұндағы хат алды. Бұларды оқып менің де ауылға деген аңсарым ауа түскен сол шақта.

Мен армияға кеткен алғашқы айлардың бірі болса керек. Көрші Көне мәлідегі Айтмахун атты адамның баласы әскерден келіпті. Елден естісімен апам салып ұрып жетіп барыпты.

- Әй әкем, Имәржан деген сен бе?

- Иә, апа.

- Сені Кермәнияда болды дегені рас па?

- Рас.

- Ендеше, менің баламды... Нұрәділімді көрдің бе?

Қарт кісінің кенеттен қадала қойған сұрағынан анау алғашында аяқ асты қатты сасып қалады да: «Жоқ, апа. Көргем жоқ» деп күледі.

Жақсы дерек естіп, сағыныш сыздатқан кәрі жүрегін жібітем бе деген дәмемен барған апам бұған кәдімгідей шамданып қалады. Күмәндана қарап:

- Ей, қалайша көрмейсің? Ол да салдат қой... Сен осы неге күлесің? Кермәнияда болғаның рас па өзі? - деп тақымдап қоймайды дейді...

«Ел құлағы - елу» емес пе?. Бұл әрекеті кейін біразға дейін ауылдағы ағайын арасында арқа-жарқа күлкіге азық болған екен.

«Кермәния» тақырыбына тағы бір тұздық: 1984 жылы қараша айында інім Жұмабай да азаматтық борышын өтеуге аттанды. Он күн өтті, хат жоқ. Жиырма күн болды... Бұрын да «Әй, осы Жұмайым армияға кеткенде бірге барам. Қасында шайын қайнатып беріп жүрем...» деп алдын ала «қамданып» жүретін апам қатты мазасыздана бастады. «Әй, сол Жүкең жазуға онша да құштар емес еді, частықа барған соң бір-ақ жазайын деген шығар» деп жұбатып қойды.

Бір айдан асты, әлі хат-хабар болмады. Қатты дегбірісіденген апам енді болжам жасуға көшті. «Бұған

не болды? Әлде, алысқа ... Кермәнияға кетті ме екен?» дейді де, «Сөйтті, сол жаққа кетті!» деп өз сөзін өзі растап қойып жүрді. «Апа-ау, елімізден тыс жерге баратындарды мен сияқты ең алғашқы призывпен ерте әкетеді. Жұмай ноябрьдың ортасында кетті ғой» деймін түсіндіріп. Ойна алғанынан бәрібір ауытқымайды. «Әй, сөйтті...» дейді сіресіп.

Біз «сөйтіп» жүргенде сүйіншілетіп көптен күткен сәлем хатымыз да қолға тиді. Конвертін көргенде-ақ ішім қып ете қалып еді, ашып қалсақ «Эверсвальдеден сәлем!» деген жалынды сөз жарқ ете қалды. Біз апамның аналық түйсігіне таң-тамаша боп тамсансақ, ол кенжесінің хабарын алып, амандығын білгеніне қарық.

Тағы да бір осы тақылтес оқиға: ауылымызда апамның өзі құралыптас Алтынша атты әже бар. Алдаш деген жалғыз ұлынан үйелмелі-сүйелмелі төрт қыз сүйген. Бір күні апам ертеңгісін тұра салысымен соның үйіне барып, «Әй құрбы, қуана бер. Мен түс көрдім, ендігі немерең тізгінүстар болады» депті... Ақиқатында да, ай-күні жеткенде келіні Сәуле шекесі торсықтай ұл туып, шаңырағын шаттыққа бөледі. Ал, енесі апам «Айтқаның келсе, көйлек кигізімін» деген уәдесін орындады.

- Әй, келіншек, мұндай кездемеден бір сандығы бар үйімде. Рахмет! - десе:

- Ырымы ғой... ал, - деп ана кісі де көнбепті.

- Жарайды, бокшама қосып қояйын, - депті де апам: «Немерең үлкен азамат болсын! - деп батасын беріпті. Тіл-көзіміз тасқа, сол сәби Бағдәулет қазір - соқталдай жігіт.

«Кездеме», «киім» дегеннен шығады, бірде қаладағы үйімізге қонақ болып келе қалған апамды Әйгерім екеуміз қайтарында киім базарына ертіп бардық. Ойымыз - сол кездері модаға айналған қазақы оюлы камзол әперу. Сөреде түрлі-түрлісі ілулі. Дүкенші келіншек тегін беретіндей тықактап анаусын бір, мынаусын бір тықпалайды. Әйтсе де, оның ығына жығыла қоймай өзіміз дұрыс көрген біреусін таңдадық. Кигізіп көріп едік, апамның үстіне қона кетті. Сәні де келіскен. Бағасы да көкейге қонымды. Өте арзан да емес. Тым қымбат деп те айта алмайсың. Әйтеуір, қалтамыздағы жобалап алып шыққан қаржыға лайық келе қалды. «Оно, апа, тура саған арнап тіккендей екен» деп қоямын өзімше даурығып.

Дегенмен, оны киіп тұрғанмен әлгінде әлгі зыпылдақ сатушы бір кигізіп көрген жалтылдаған оюы мол камзолға апам қайта-қайта қарай берді. Ішім «қылып» ете түсті. «Әй, не де болса ұнатқанын әперейікші» деп бағасын сұрадым. Сөзгеңімдей-ақ, дүкеншінің әкесінің көз құнындай екен. Қалтамың түбін қақтым, Әйгерім сөмкесінің, одан «кәшөлегінің» эптер-тәптерін шығарды. Бірақ, бәрібір жетпеді. Тым құнжыңлап кеткенімізді байқай қойған апам:

- Әй, өте жалт-жұлт еткен бұйым екен. Әртістердікі ме, немене өзі... Оны қайтіп кием. Болды, мынауың әйбәт, - деп үстіндегі камзолдың етегін қағып-қағып қойды.

Шекемнен тер бүрк етті. Күрмеуге келмейтін қысқа жіптей күйзелткен ит тірлік-ай. «Уһ» деп сәл жеңілдегендей болғаныммен өкініш сезімі өзегімді өртеп жіберді. Қазір қазақы камзол киген кемпір көрсе, сол бір сәт еріксіз есіме түсіп, көңілім бұзылып кетеді.

«Ағайын - бір өлі, бір тіріде» деп ауызекі тілде айтып қалатынымыз бар ғой. Бұл «Туыстар торқалы той, топырақты өлімде қайтсе де бір бас қосады» дегенді меңзесе керек. Таяуда сондай бір той дастарханы басында өңкей жақын-жуық жандар жиналып, қауқылдасып отырғамыз. Арғы-бергіні айтып арқа-жарқа боп жатқанда әңгіме ауаны апам жаққа ауып кетті. Елде жоқ елгезектігі, ерекше еңбекқорлығы, мейлінше мейірімділігі, айрықша аңғалдығы... бәрі-бәрі тілге тиек болып жатты. Солардың ішінде «Көзкөргендер - өзгергендер» демекші, көзің көргендерін өзгертпей айтқан Жұмагүл тәтем мен Ғалия жеңгемнің еске түсірген есті сөздері еріксіз есімді еңсеріп, санама сәуле септі.

- Үйлі-баранды болып кетсең де, жолынды тосып жүруші еді...

- «Әлгі Нұрәтайым келу керек еді» деп тұратын...

- «Бүгін қай күн? Жұмыста ма, әлде, демалатын күні ме?» деп сұрайтын...

Қос жеңгемнің ақ ниетпен актарыла бұл айтқандары осыдан отыз жылға жуық уақыт бұрынғы жаймашуақ шақты көз алдыма әкеліп, көңіл теңізіп тағы да толқытып жіберіп еді сол сәт.

Толқұжатындағы мәлімет бойынша апамның дүниеге келген кезі - 1921 жылғы 3 желтоқсан. Сексен жасқа таяғанында «Өмір-бақи атамның «игосында» жүріп не қызық, не тамаша көрді дейсің?! Осы мерейтойын жасап берейінші» деп бір талпынып көргенім бар. Бірақ тағы да сол: «Жоқ жомарттың қолын байлайды». Құнды ойым құр қиял күйінде қалды...

Жарықтық апам 2004 жылы 4 сәуірде дүниеден өтті. Соңғы түнгі сәтінде қасында Әйгерім күзетіп отырған еді. Ақырғы демі үзілер алдында «Күлқай, Күлқай» екі-үш рет үн шығарған көрінеді. Қайтсін-ай, төрт ұлынан бірдей айырылып анырап жүргенде көрген перзенті ғой...

«Өлім бардың малын шашам, жоқтың артын ашам» дейді екен. Құдайға шүкір, біз - ұлдары мен қыздары бұл рәсімді лайықты деңгейде өткіздік. Тиісті жөн-жоралғының бәрі толығымен жасалды. Жаназаға жиналған, қыркына, кейін жылдық асына келген қарақұрым халықтың барлығы разы болып тарқасты.

Апам негізі күзден бастап ауырып, қыс бойы ұзағырақ



жатып қалды. Сонда кей-кейде өз-өзінен «Әй, осы алдағы көктемге дейін аман жетсем екен. Мына суықта өліп қалсам, сендер сыртта жылап тұрып мұздап қаласындар-ау» дейтін.

Айтпақшы, тура 8-наурызда Бижамам, Әсемхан атты абысындары мен келіндері Күлжан, Сара, Жұмагүл, тағы басқа да бір топ туыстар әйелдер мерекесін желеу етіп, бір жағы көңілін сұрай келген болатын. Сонда сарылып ұзақ жатып әбден мезі болған төсегінен тік көтеріп әкеп тақ төрге - дастархан басындағы туыстарының ортасына отырғызып қойғам. Көптен бері басын көтеру мұң болып жатқан апам сол сәтте еңсесін тіктеп, айналасына мейірлене көз тастады. Бұнысына мәз болған баршамызды:

- Әй, сендер сырқаты ауыр деп көңілімді сұрап кеп отырсындар. Ал мен осыдан орнымнан тұрып жазылып кетсем, ұят болып жүрмей ме?, - деп ду күлдіргені де бар.

X X X

...Таңертеңгі саумал ауа тынысымды ашып, бойымды сергітіп жіберді. Әдеттегідей ауланы шолып шығып, жазғы шайханаға бұрыла бергенде кеше жаңа құрылыс салу үшін тегістеген жерге көзім түсе кетті. Бір шетте кесек-кесек қызғылт-сары топырақ үюлі жатыр. Көптен бері қажетсіз болған соң пайдаланбай тұрған тандырды бұзып тастаған едік, соның топырағы. Өсек өзенінің жарқабағынан алынған. Тура сағыз секілді. Мұны да апам арнайы ертіп барып Қаһарман ағалардың үйінің тұсынан қазып әкелгізген. Сөйтіп, Жаркентке алғаш келген жылы-ақ өз қолымен тандыр жасап берген. Содан он жылдан астам уақыт бойы осында піскен дәмді нанды буын бұрқыратып құшырлана жедік. Өзіміз де. Қонақтарымыз да. Тіпті өзге қалаларда тұратын таныстарымыз: «Басқа ештеме керек емес, тек нан ала келіндерші. Жаркенттің тандыр наны керемет қой» деп тамсанатын. Олар да талай рет апам жасаған тандырда піскен нанның дәмін татып, алғысын айтты...

Уақыт - сынап. Зырғып ағып өтіп барады. Соның ауанымен ас-ауқат дайындаудың әдіс-тәсілі де, құрал-аспабы да жанару-жаңғыру үстінде. «Сонда немене, талай жанды тойындарға қайран тандыр заманның зауалына тап болғаны ма?». Өз-өзімен күбірлеп, қызғылт топыраққа қамыға қарадым. Кеше кешкісін гана ұлдарым Нұржан мен Нұрсұлтанға «Көшеге шығарып, тегістеп тастаңдар» деп едім, бүгін бірден айныдым. Апамның ащы терін тамшылатып жасаған тандырының ырысты топырағын әлдекімдердің табанына таптатпақпын ба?... Жо-жоқ! Одан да үгітіп, огородқа тынайтықшыпен қоса сеуіп тастайын. Аяулы ананың аялы алақанының табы бар топырақ ұрпақтары жейтін жеміс-жидек пен көкөніске құнар берсін!

Нұрәділ БЕГІМБЕТ

1960 жылы 27 наурызда туған. ҚазГУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1981 жылдан бастап аудандық «Жаркент өңірі» газетінде корректор, тілші, аудармашы, бас редактор, облыстық «Жерұйық» және республикалық «Заң» газеттерінде меншікті тілші, сондай-ақ, Панфилов аудандық әкімдігінде бас маман, бас инспектор, аудан әкімінің көмекшісі болған. Жаркент өңірінде тұңғыш рет тәуелсіз «Ел газеті» аймақтық үнжариясын шығарып, «Ұлағат», «Ақиқат», «Мұғалім» басылымдарына бас редакторлық еткен. Баламалы түрде дауысқа түсіп, аудандық мәслихаттың депутаты болып та сайланған. Қазір Панфилов аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы, халықаралық «ҚазАқпарат» агенттігінің Жаркент аймағы бойынша тілші-шолушысы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Прозашы, журналист және аудармашы ретінде бірқатар республикалық, облыстық әдеби бәйгелердің жүлдесері атанған. Шығармалары көптеген ұжымдық жинақтарға енген, өзі де бірнеше кітап құрастырған. Панфилов аудандық «Қазақ тілі» қоғамы ұйымы ақылдастар алқасының және «Арқас алауы» әдебиет пен өнер бірлестігінің мүшесі.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне - 20 жыл» мерекелік медалімен, республикалық шығармашыл жастардың «Жігер» фестивалінің дипломымен, Алматы облысы әкімінің, Алматы облыстық мәслихатының, Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың, аудан әкімінің және «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының, сондай-ақ, ҚХР-дің Қазақстандағы Елшілігінің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен наградалған.

Отбасылы. Жұбайы - педагог. Екі ұл, үш қыз, бірнеше немересі бар.

ОЙТОЛҒАУ



9
 Үйсіз-күйсіз жүрген қазақтарға жаным ашиды. Олардың арасында жасы да, жасамсыз да бар. Үй салып алуға алақандай жер пұшпағы бұйырмаған. Өз басында тұрғын үйі жоқ адам жетім баладан да жаман. Жұмысқа да орналаса алмайды, несие де ала алмайды, кірменің күнін кешеді. Үлкен қалаларда осылай он-жиырма жыл бойы жүрген қазақтар бар. Ал, солардың әкелері, бабалары осы қазақтың жері үшін қан төгіп, жанын да қиған шығар... Бүгінгі ұрпағының көрген күні әлгідей.

Қазақтың жерін жаудан қорғамақ түгілі тері де тамбаған, қазақ еліне түк те қатысы жоқ, түрлі жолдармен шаш етекпен байып алған келімсектер бір түгілі екі-үш үйді иемденіп, пәтеракымен ғана шалқып өмір сүруде...

Әкімет басшылары, депутаттар, басқаларға қарағанда жергілікті ұлт қазақтарға жер иесі ретінде сәл де болса, артықшылық берсе ғой шіркін деп ойлаймын. Сонда ғана бұл дүниеде әділеттік бар деп айтуға болар еді-ау.

Өткен...
 10

Қазақ десе, бәрімізге тиеді, бүгінгі қазақ отбасыларына не дерімді білмеймін. Өмірге келген нәрестелеріне қайдағы бір бөтен есімдерді қойып жатыр. Біздің Панфилов ауданындағы «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінен арнайы сала ашып, осы мәселемен айналысудамыз. Біздің осы жұмысымызға халықтық қолдау қажет-ақ. Себебі...

Қазіргі балалардың аттарына қарап ұлтын ажыратудан қалып барамыз. Құжатындағы тегіне қарап қана анықтай аламыз. Ал, енді осы балалардың ұрпағы, тегін Диас, Ринат, Асхат, Дамир, т.б. деп жазғанда, ұлтын анықтау үшін қосымша анықтама ұстауға тура келетін шығар.

Қыздарымыздың аты одан өткен сорақы – Анель, Жанель, Эльмира, Индира, Диана болып кете береді. Сонда, атынан ұлтымыздың иісі аңқып тұратын есімдеріміз қайда? Нәресте өз есімін өзі таңдай алмайды, әке-шешенің қойған атын өмір бойы арқалап өтеді. Бұл үстірт қарайтын, бір сәттегі көңіл-күй әсерімен ғана атай салатын нәрсе емес. Ұрпағымыз ертеңгі күні өз есімін өзі ұялмайтын болуы, ұлтының кім екені байқалып тұратын болуы шарт. Өзге ұлттардың есімін қазаққа таңғанда не ұтамыз? Өз ұлтын мақтан ететін, сол елдің патриотымыз деп сезінетін өзге елдер балаларына Асқар, Қанат, Мирас, Айзере, Назерке, Толғанай т.б. деген қазақ есімдерін алтын берсе де қоймайтынын, оны ерсі санаптынын ойлайық ағайын. Ұлт намысы деген қасиетті ұғым есімімізге тікелей байланысты екенін ұмытпайық.

11

Аманатқа адалдық

Ұлы Отан соғысында аты шыққан Советтер Одағының Батыры, генерал Сабыр Рақымов өзбек деп өзіміз танымай жүргенде, ақын, журналист Әкім Ысқақовтың «Жас Алаш» газетіне батырдың қазақ екенін, руы Суан екенін дәлелдеген мақаласы жарқ етті. Демек, Сабыр Омарқұлұлы Рақымов қазақтың тұңғыш батыр атанған генералы болып шықты. Қазақ болғанда, өз бауырым, Суан болып шыққаным қарамайсыз ба! Бұл қуанышқа жарылмаған жүрек қайда! «Сүйінші» деп өлең жазып, сол газетке жіберсем, ұзамай о да жарқ етіп шыға келді...

Қазығұрттағы бағыс Суан бауырларымыз Суан бабамызға ескерткіш орнатып, 2000-шы жылдары ғой деймін, бірқауым адам соған бардық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары барымызды түгендеп, үзігімізді жалғап жатқан кезіміз. Бағыс Суан бауырларымызбен сағына қауышып, мәре-сәре болып жатқамыз. Бізді қарсы алған жігіттердің бірі:

– Штеріңізде Исламғали Үркімбайұлы деген ақын бар ма? – деп сұрады.

– Иә, менмін, – дедім.

– Сізді бір апай іздеп жұр, барсаңыз жүріңіз, ертіп барайын, – деді әлгі жігіт. О, тоба, танымайтын жерде, мені іздеген кім болды екен деп таңдана еріп келем.

Бір аласа бойлы, омырауына Отан соғысының орден, медальдарын таққан, сыры кетсе де сыны кетпеген келбетті, дөңгелек жүзді апайға келдік. Мен сәлем бердім. Әлгі жігіт:

– Апай, сіз сұраған ақын мына кісі екен, – деді ізетпен.

– Е, жақсы, жақсы балам, – деп сәлден кейін маған қарап, – Сабыр Рақымов туралы өлең жазған сенбісің, – деді жанарынан шуақты мейірім төгіліп.

– «Жас Алашқа» шыққан «Сүйінші» деген өлең жазған мен едім, – дедім, өлең жазған менен де басқа ақындар бар шығар деген оймен.

– Иә, сол ақынды айтам, Сабырдың бауыры, Суан екенің, кешеден бері сені іздеттім. Сабыр ағаңның жұбайы Құралай деген жеңген болам, – деп күлімсірей қарады. – Сабыр маған қазақ екенін, өзбек елінде өскен соң ұлты өзбек болып жазылғанын, қазақтың ішінде Суан руынан екенін айтып, осыны ұмытпа, мүмкіндік болса, қазақтарға жеткізесің, – деп аманаттаған еді. Ағанның айтқанын орындадым. Қанша құдаланып жүрсем де Сабырдың қазақ екенін айтумен болдым. Қазақтан Тәуелсіз мемлекет болған соң, өзбектерге жақындау, осы Қазығұртқа көшіп келдім. Сенің өлеңіңді оқыдым. Рахмет айтайын деп кешеден бері іздетіп едім. Рахмет балам, – деп көзіне жас алды. Менің де көңілім босады. Құралай апайды бетінен сүйдім,

– Апай, Сізге рахмет, ағамыздың аманатын атқарып, қазақ екенін дәлелдеп берген сіз де батырсыз. Батырдың жарына лайық батырсыз, – дедім алдында басымды иіп.

Жеңгеміз екеуміз ұзақ әңгімелестік...

12

Қазір ауданның, облыстың Құрметті азаматы деп атақ беретін болдық қой. Сол атақты арнайы алмай-ақ құрметті болып жүретін

азаматтар қаншама. Біздің Мұқаметәли ағамыз да солардың бірегейі еді... Әлі есімде, бірде оқушы баласы Нүсіпқалиға теледидардағы республикаға белгілі жазушыны көрсетіп:

– Балам, жақсы оқып, жақсы білім алсаң, осы ағаларың сияқты зиялы азамат боласың, мына жазушы ағанды танысың ба, кітаптарын оқыдың ба? – деді менің көзімше. Ағаның өзі де арғы бетте жүргенде гимназияға сабақ берген ұстаз еді. Келіндері әлі күнге атын тура атамай «мұғалім аға» дейтіні содан.

Есейіп қалған Нүсіпқали әкесіне жауап қайтармай сәл отырды да:

– Әке, «Қазақ әдебиетінің» соңғы нөмірін оқыдыңыз ба? – деп қарсы сұрақ қойды.

– Жоқ, оны қайда қойып едік, әкелші, – деп аға жан-жағына қарады да, – Не, бірдеңе жазылып па? – деді баласына.

– Иә, жаңағы маған үлгі еткен жазушыңыз бір әріптесің әбден қаралапты. Ол да жауабында оны аяматты. Қайсысынан үлгі аларымды білмей отырмын, – деді жеткіңшек інім қуақыланып.

«Қазақ әдебиетін» мен кеше оқыған едім. Інімнің айтқаны дұрыс. Жаңағы жазушылардың бір-бірін өлтіре сынағаны сонша, оқыған адам «біз кімге сеніп, кімді үлгі етіп, кімді зиялы деп жүргеміз» дегендей еді. Осыны бүкіл қазаққа жария етіп баспа бетінде айғайламай-ақ өзара айтқысып, өзара жамандасуға болады ғой деп ойлағам мен де. Ұят нәрсе, қазақ десе бәрімізге тиеді. Олар өздерінің ғана емес, бүкіл қаламгерлердің атын қаралап отыр.

– Аға, оны сіз оқымай-ақ қойыңыз, мен айтып берейін, – деп, тігісін жатқызып, майдалап түсіндіріп бердім. Соның өзіне мұғалім аға қиналып қалды.

– Бұларға не жетіспейді екен? Айтып отырғандары әдебиетке мүлде қатысы жоқ, пенделік бәкің-шүкің ғой, – деді басын шайқап.

13

Халықтың атын жамылып «халық үшін өйттім, халық үшін бүйттім» деген қағида қалыптасып кеткелі қашан. Пайғамбарымыздың хадисінде ... «алдымен өзіңе жақсылық жаса, өзіңнен артылса туған-туысыңа жаса, одан артылса ел-жұртыңа жаса» депті. Бұл құдайы шындық. Егер өзінде жоқ болса, басқаға қалай көмектесесің, басқаға қалай жақсылық жасайсың?

Жаугершілік кезеңде де жауынгер азаматтық парызы үшін майданға шыққанымен, жаумен жағаласқанда өзі үшін, өз жаны үшін барын салады емес пе?!

Ұлкеншыған ауылындағы Ахмет Шағатаев деген соғыс ардагері көршіміз болды. Ірі денелі, алпамсадай адам еді. Көлік жүргізуші болып істейтін. Батыр ағамыздың әңгімесін қызық көріп маңайынан шықпайтынбыз. Баламыз, балалық әуестікпен әр нені сұраймыз ғой баяғы. Сонда ол кісінің бір сөзі құлағымда қалып қойыпты:

– Соғыста мен ерлік жасайын деп өйттім-бүйттім десе мен сенбес едім, себебі жан алып - жан беріп жатқанда ерлік жасау ойыңа кіріп те шықпайды. Ойыңда тек қарсы келген жауды, фашисті өлтіруге ғана болады. Өлтіре алмасаң ол сені өлтіреді. Өзіңді қорғау үшін жанталасасың. Біреулердің осы жанталасы «ерлік» деп танылып, омырауына жұлдыз тағады, – деген еді.

Теледидардан композитор Қалдыбек Құрманалиев:

– Мен шығармамды халық үшін жазам, халық үшін өлең, ән шығарам дегенге өз басым сенбеймін, – деді ол. – Өзім әнді өзім үшін жазамын. Содан кейін тыңдағандар қабылдап алып жатса, қуанам...

Композитордың осы сөзі жоғарыдағы ойды қозғады. Ақиқаты да сол.

14

Адами қасиет

Адамгершілік – ұлтқа да, нәсілге де бөлінбейтін, адам баласының бәріне тән адами қасиет. Қай ұлтта да, қай нәсілде де адамгершілігі зор адамдар көптеп табылары хак. Осынау адамзат Өлемин ғасырдан-ғасырға аман жеткізіп отырған да сол тамаша қасиет!

Мені осы ойға жетелеген жақында болған бір елеусіздеу оқиға еді.

Алматы шаһарына жолымыз түсті. Жанымда жұбайым мен бес жасар немерем Жұлдыз бар. Мен Жазушылар одағына кіріп кеткенде, олар әудемжердегі «Балалар Өлемі» дүкеніне кіреді ғой баяғы. Үшінші қабаттан төмен түсіп келе жатқанда, мұздай жалтыраған мәрмәр басқыштан Жұлдыздың аяғы тайып кетіп, домалап кетеді. Апасы жанұшыра ұмтылып екі-үш баспалдақ домалағанда ұстап үлгіреді. Баланың «шыр» еткен дауысы елді жалт қаратады. Бұл жағдайды көрген бір орыс жігіті жанындағы дүкеннен ойыншық сатып ала салып, жылап жатқан немеремді жұбауға тырысып, ойыншық ұсынады. Жұлдыз әдемі ойыншыққа алданып, көп ұзамай жылағанын қойыпты. Әлгіні естіген соң, жігіттің адамгершілігіне таңқалдым.

Шынын айтсам, мұндай үш-төрт мың теңгелік ойыншықты танымайтын біреудің баласы түгілі, жайшылықта өз балаларымызға әпер бермейтініміз өтірік емес қой. Танымайтын біреудің баласы үшін мен де сондай әрекетке барар ма едім деп ойладым... Өмірдің тәлімін өлгенше үйренесің деген осы да.

Есіме Г.Толмачевтің «Қонаевпен 50 күн бірге» деген кітабындығы Димаш аксақал инфаркт алып жатқанда көлік жүргізушісі, Склянкин деген жап-жас орыс жігіті дәрігерлерге келіп, «егер ағаның жүрегі емдеуге көнбесе, оған менің жүрегімді салыңыздаршы. Мен сияқты жүргізуші толып жатыр, ал, Қонаев жалғыз ғой...» деп өтініш айтқаны есіме түсті.

Иә, адамгершілік қай жерде де өз маңызын жоймайды, ұлтқа да бөлінбейді. Оның негізі – адамдардың бір-біріне риясыз жақсылық жасауынан тұрады, меніңше...

15

Жақында болған колледж студенттерімен кездесуде бір қыз бала:

– Ағай, ақындардың өлеңдері көбінесе неге мұңды, шерлі болып келеді? – деп сұрады.

– Иә, бүгінгі сұрақтардың ішіндегі ең салмақтысы осы болды, – дедім күліп.

Халық дегеніміз – жеке адамдардан құралады емес пе? Ал, осы жеке адамдардың, яғни жеке тағдырлардың басында қаншама мұң, қайғы-қасірет бар. Мысалы: махаббат мұңын, сағынышын, іреніш-қайғысын басынан кешкен жастар, өздерің білесіңдер... (зал ду күлді) білген соң күлесіңдер. Қазір күліп отырғандарымызмен, оңашада мұңға батып жүресіңдер, жылайсыңдар, ақын болып өлең-жыр құрайсыңдар...

Ал, жақсы адамның өлімі ше? Басқасын айтпағанда осы биыл, бірінен кейін бірі көз жұмған Қадыр (Мырза-Әли) ағаларың мен Тұманбай (Молдағалиев) ағаларыңның өлімі ше?.. Бұл – Ұлт қайғысы...

Сендерге ата қатарында болса да мен ағаларың деп әдейі айтып отырмын. Ақынды «ата» демей, ақын жаны қартаймайды, оның жырлары жастықтың шуағын шашып мәңгі өздеріңмен бірге жасайды...

«Бір ақын өлсе талай қырылды өлең...» деп Кенен ақын айтқандай олардың жүрегінде жазылмаған қанша өлең кетті десеңші...

Шынымды айтсам, олардан айырылғанда туған әкемен айырылғандай жанымды шер торлады. Өткен жылы ғана Қадыр ағамыздың Жаркентке келіп, бізбен емен-жарқын әңгімелесіп, құшақтасып суретке түскенін, Тұмаш ағамның Одаққа барғанда мүшелікке қабылдануыма тілектес болып, «мен Тұмаш болсам, бұл Слав акын ғой» деп, жүзінен шуақ шаша күліп, мейірлене арқамнан қаққанын ойлап, көз жасым ішкі өзегіме құйылып жатқанын сездім, іштей егілдім...

Ал, айналымызда жүрген адамдардың қайғы-мұңы қаншама? Әділетсіздіктер, әлімжеттіктер, қорлау-лоққы, менсінбеушілік, қорлау, намысыңды аяққа басу, досыңның сатқындығы, көреалмастық, аяқтан шалу, етектен тарту, күндестік, өсек-жала, биліктегі өркөкіректіктер... айта берсек қисаисыз...

Осының бәрін көріп жүріп, басыңнан кешіп жүріп үндемеген ақын – ақын ба?! Кемшілікті, кесірікті елдің атынан көпке жария етіп, беттеріне басытын ақын-жазушылар. Сондықтан оларды жаңағылар жек көреді, есесіне халық ханмен қатар бағалайды...

Адамзат қоғамында мұндай сорақылықтар тыйылған емес, бұрын да болған, қазір де бар, ертең де болады. Ақындар олармен өмір бойы алысып өтеді. Қаламынан өлең болып өріледі, шер болып төгіледі...

– Түсіңдік бе қарағым?

Сұрақ иесі үнсіз басын ізеді.

16

...Беру – берекене, алу – адалдығына сын. Бергеніңді «бердім» деп міндет қылсаң, ол сатқанмен бірдей. Ал, сатылған дүниенің иесі – алушы, «сатушының» ендігі жерде міндет қылуды құраны құқысы жоқ.


Беруден, алушы салмағы ауыр. Себебі, берушінің мерейі үстем, алушыға жақсылық жасап тұр. Жақсылыққа - жақсылық күтеді. Ал, алушының көңілі пәс, берушінің алдында төменшіктеп, кінәлі адамдай жаутандап тұрады. Өзінде жоқ болған соң, амалсыз қорлана тұрып, қолын созады. Алғанын уақтылы қайтара алам ба деген «қарабақ құрт» жанын жейді. Жақсылыққа – жақсылық жасаудың, алмақтың да, салмағы бар екенін алушы ғана біледі.

Алғанын ұмытқан адамда адалдық болмайды. Бар болса, қайтарымы болса, берген жақсы. Алайда, берушіні бұзатын, алушының өзі. Алғанына арамдық жасаған бір адам, он берушінің жолын кеседі. «Беріп жаман болғанша, бермей жаман болайын» деген ой туғызады. Алушыда қайыр болмаса, берушіден мейір кетеді.

Адам баласы алмай, бермей өмір сүре алмайды. Сондықтан алуға да, беруге де адалдық керек.



Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының және Журналисттер одағының мүшесі, Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

	<p>«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ Меншік иесі: «БАҚ» ЖК Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ Бас редактордың орынбасары – Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.</p> <p>Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.</p> <p>Газет индексі - 65161</p> <p>Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.</p> <p>Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.</p> <p>Газет «Бизнес-Информ» баспаханасында басылды. Алматы қаласы, Төле би көшесі, 108. Оффсеттік қасылым.</p> <p>Нөмірдің таралымы: 1000 дана</p>	<p>Мекен-жайымыз: Алматы облысы, Жаркент қаласы, Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер Тел.: 8/705/412-78-48; 8/705/277-16-91; 8/777/971-57-67</p> <p>Газет екі аптада бір жарыққа шығады. Тапсырыс: №71</p>
	<p>Газеттің эл.почтасы: jar-aina@mail.ru</p>		